




Қауіпсіздік қағаздағы қағида емес



2-бет



Starlink ауыл мектебінің тынысын ашты



5-бет



Кіші теннистің үлкен додасы



8-бет

РЕСМИ

МӘМС: жаңартылған қызмет

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі азаматтардың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне қатысуы туралы ақпарат беру жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына өзгерістер енгізуді ұсынды. Жаңашылдық сақтандыру мәртебесі мен төленген жарналар туралы мәліметтерді алу тәртібін жетілдіруге және қызметтің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

 Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа тәртіпке сәйкес азаматтар МӘМС жүйесіндегі өз мәртебесі, сақтандырылған кезеңдері, олардың пайдасына аударылған жарналар мен төлемдер туралы ақпаратты жедел әрі ыңғайлы түрде ала алады.

Мемлекеттік қызмет толықтай электрондық форматта eGov.kz порталы арқылы көрсетіледі. Бұл азаматтарға мемлекеттік органдарға бармай-ақ, кез келген уақытта сақтандыру мәртебесін тексеріп, өздері үшін төленген жарналар мен аударымдар туралы мәліметпен танысуға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда елімізде 17,5 миллион азамат міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушысы. МӘМС жүйесі сақтандырылған азаматтарға әлеуметтік мәртебесіне қарамастан медициналық көмек алуға жағдай жасайды.

Атап айтқанда, жүйе профилактикалық тексерулерді, консультациялық-диагностикалық қызметтерді, амбулаториялық және стационарлық медициналық көмекті, жоғары технологиялық медициналық қызметтерді, медициналық оңалтуды, сондай-ақ, қолданыстағы заңнамаға сәйкес дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қамтиды.

Қаржы бар жерде қарқын бар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкімет пен өңірлер алдына қойған келелі міндеті – ел экономикасына технологиялық деңгейі жоғары, шынайы индустрияландыру қажеттігі. Отандық экономикадағы инвестицияның үлесін арттыру мәселесі де Президент белгілеген міндеттер мен талаптардың негізгі өзегіне айналып отыр.



Қолжазба жасаған Шығар Алабақова

 Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Инвестиция игілігі

– Бірінші. Елімізге қомақты инвестиция тарту керек. Қазір дүние жүзінде инвестицияға талас күшейіп барады. Жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет. Қазіргі инвестиция тарту саясаты мардымды деп айта алмаймын. Қаражаттың көбі

шикізат салаларына құйылып жатыр. Жалпы, бұл жаман емес, осындай инвестициялар да бізге қажет. Бірақ, қазір алдымызда тұрған міндет – басқа. Бұл – өңдеу саласына көбірек қаражат тарту. Сондықтан, Үкімет инвестиция саясатына басқаша көзқараспен қарауы керек. Қажет болса, жоғары технологияларға салынатын инвестицияларға жеңілдік беруге болады. Сондай-ақ, мемлекеттің инвестициясы мен

жеке бизнестің ірі бастамаларына бірдей назар аудару қажет, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында.

– Мемлекет басшысының бұл сөзі бүгінде еліміздегі әкімдіктер мен инвестициялық штабтардың жұмысын айқын-



дайтын басты бағдарға айналды. Үкіметтің кеңейтілген отырыстарында ел Президенті экономикалық өсім кәсіпкерлікке артық салмақ салу есебінен қамтамасыз етілмеуі тиіс екенін, ал, инвестиция тарту өндірісті әртараптандырумен және халықтың әл-ауқатын арттырумен қатар жүруі қажет екенін бірнеше мәрте атап өтті. Инвестициялық ахуалға жауапты мемлекеттік органдарға қарата сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы міндетті барынша нақты қойды: жауапты тұлғалар бұрынғы қалыптасқан инерцияға сүйенбей, батыл шешім қабылдауы, инвесторларға ашық әрі түсінікті жағдай жасап, мемлекет тарапынан берілген кепілдіктердің мызғымастығын қамтамасыз етуі тиіс.

Өзіндік индустриялық тарихы бар Қарағанды облысы үшін бұл – күнделікті жұмыстың нақты бағдары. Иә, облыс байтақ республиканың өнеркәсіптік жүрегі болып келген, әрі сол мәртебесін бүгін де лайықты қалпында сақтап отыр. Қазіргі таңда өңірде 940-тан астам өнеркәсіп кәсіпорны жұмыс істейді. Соның шамамен 800-і – мемлекеттік индустрияландыру саясатының басты бағыты саналатын өңдеуші өнеркәсіп саласына тиесілі. Өткен жылдың өзінде ғана өңірдің өңдеуші өнеркәсібі 3 триллион теңгеден астам өнім өндіріп, облыстың жалпы өңірлік өнімінің үштен бірінен астамын қамтамасыз ете білді. Ал, биылғы жылдың жеті айында өндіріс көлемі 2,7 триллион теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7,3 пайызға артқан.

➤ 4-бет

Мұрат ТЛЕУБЕРДИЕВ:

Заң мен тәртіп – қоғамның өркендеуін айқындайтын өмірлік бағдар



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Заң мен тәртіп» қағидатын мемлекеттік саясаттың басты басымдығы ретінде айқындап, құқық үстемдігін Әділетті Қазақстанды құрудың негізгі шарты деп белгіледі. Бұл талап құқық қорғау органдары жұмысының мазмұнын жаңартып, азаматтардың құқықтарын қорғауға, құқық бұзушылықтың алдын алуға және қоғамдағы қауіпсіздікті нығайтуға басымдық беруге жол ашты. Ал, Қарағанды облысының прокуратурасы өңірдегі заңдылықтың бұзылмай, ортақ тәртіпті сақтауда қандай іс-шаралар атқарып отыр? Заң үстемдігін нығайтудағы прокуратураның рөлі қандай? Прокуратураның жаңа жобалары мен бастамалары халық көңілінен шығып отыр ма? Осы және өзге де сауалдарға жауап алу үшін Қарағанды облысының прокуроры Мұрат Тлеубердиевпен сұхбаттасқан едік...

– Мұрат Әжінұрұлы, Мемлекет басшысы барлық деңгейде «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыруға басымдық беріп келеді. Бұл ұстаным прокуратура жұмысына қандай өзгеріс әкелді?

– Үнді елінің айтулы перзенті Махатма Гандидің: «Көшбасшы болудың мәні – қызмет етуде. Нағыз көшбасшы өзгелерге үстемдік етуді емес, оларға көмектесуді көздейді», – деген тағылымды сөзі бар. Елді бір мақсатқа ұйытудың әлем мойындаған формалары да осы болса керек. Мұны «Заң мен тәртіп» қағидатының бүгінгі көрінісіне қарап та бағамдауға болады.

Мемлекет басшысы заңды сақтап, тәртіпке ұйыстырудың үлгісін көрсету арқылы бұл қағидаттың халық арасында кең қолдауға ие болуына ықпал етті.

Бүгінде барлық сала, барлық азамат осы қағидатты басшылыққа алып, «Заң мен тәртіпті» тұғыр ету арқылы қауіпсіз, зайырлы, құқықтық қоғам құруға бірігіп атсалысуда. «Күш – бірлікте» де-



мекші, бұл биік қағидаттың мақсатына жетуі халықтың ынтымағы мен ауызбіршілігіне байланысты екені рас.

Негізгі қызметі заңның орындалуын қадағалап, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға бағытталғандықтан, про-

куратурада атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Қоғамда заң үстемдігін орнықтыра отырып, халықтың заңның пәрменіне, құзырлы органдардың құзыретіне деген сенімін нығайтуда «Заң мен тәртіп» аясында қолға алынған бастамалар мен тың жобалардың көмегі көп. Әсіресе, іс-шараларды жүзеге асыруда цифрлық технологияларды мейлінше тиімді қолданып, азаматтармен арада ортақ диалог орнатудың, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді дер кезінде шешіп, заңсыз схемалардың жолын кесу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізудің пайдасы орасан.

– Қоғам үшін ең маңызды мәселенің бірі – қауіпсіздік. Биыл өңірдегі криминогендік ахуал қалай өзгерді?

– Қауіпсіз қоғамда даму бар, ертеңгі күнге деген сенім жоғары. Сондықтан, халықаралық рейтингтерде қауіпсіздік мемлекет дамуының басты өлшемі ретінде айқындалған. Мықты инвесторлар да өз қаржысын қауіпсіз мемлекеттегі бизнеске салғысы келеді. Қауіп-қатері мол, қылмыс

дендеген елде кәсіп те ақсайды, қаржыдан пайда табу мүмкіндігі де төмендейді.

Осыны ескере келе, біздің елімізде заң үстемдігін нығайтуға, барлық құқық бұзушылыққа нөлдік төзімділік танытуға, қоғамның құқықтық мәдениетін дамытуға күш салынууда. Ел мен халықтың қауіпсіздігі әр қадамды аңдап басуға, заңнан аттамауға үндейді. Себебі, мемлекеттің қауіпсіздігіне қатысты мәселенің үлкен-кішісі болмайды. Қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздіктің басты көрсеткішінің бірі – қылмыс деңгейі. Соңғы жылдары біз құқық бұзушылықтың алдын алуға басымдық беріп келеміз. Оның нәтижесі де жаман емес. Айталық, биылғы бес айда облыста тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 27,4 пайызға төмендеп, 3719-дан 2701-ге дейін азайды. Және мұндай көрсеткіш қылмыстың барлық санатынан байқалады. Мәселен алғашқы бес айда аса ауыр қылмыстар 29,2 пайызға азайса, ауыр қылмыстар 33,5 пайызға, орташа ауырлықтағы қылмыстар 27,3 пайызға, ал, онша ауыр емес қылмыстар 18,8 пайызға төмендеген.

➤ 3-бет

Қара жол қателікті кешірмейді



Мемлекет басшысының «Заң мен тәртіп» қағидатын нығайту жөніндегі тапсырмасы аясында Қарағанды облысында республикалық «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы жалғасуда. Жаз мезгілінде өңір арқылы күн сайын мыңдаған көлік транзитпен өтетіндіктен, полиция жол қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында күшейтілген бақылау жұмыстарын жүргізуде.



Сурет ekmangul.kz сайтынан

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Полиция департаментінің мәліметінше, өткен демалыс күндері жол қозғалысы ережелерін бұзудың 576 дерегі тіркелген. Оның ішінде, ең қауіпті құқық бұзушылықтарға ерекше назар аударылған.

Атап айтқанда, 12 жүргізуші мас күйінде көлік басқарғаны үшін ұсталды, 17 жүргізуші қарсы бағытқа заңсыз шыққан, 2 адам жүргізуші куәлігінен айырылғанына қарамастан көлік тізгіндеген, 10 көлік заңсыз қайта жабдықталғаны анықталды. Сонымен бірге, жолаушыларды заңсыз тасымалдаудың 5 фактісі тіркелген.

Бұдан бөлек, жолдардағы орташа жылдамдықты бақылайтын автоматтандырылған жүйелер 102 жүргізушінің жылдамдық режимін өрескел бұзғандығы анықталды.

Облыстық полиция департаменті әкімшілік полиция басқар-

масының бастығы Бағдат Қасимовтың айтуынша, «Қауіпсіз жол» іс-шарасының негізгі мақсаты – жол-көлік оқиғаларының алдын алып, адам өмірін сақтау.

Бұл деректер жолдағы тәртіптің әлі де өзекті мәселе екенін көрсетеді. Әсіресе, мас күйінде көлік жүргізу, қарсы жолаққа шығу және жылдамдықты шектен тыс асыру сияқты өрескел құқық бұзушылықтар ауыр апаттарға әкелуі мүмкін. Сондықтан, әр жүргізуші жол қозғалысы ережелерін сақтап, өз қауіпсіздігімен қатар өзгенің өміріне де жауапкершілікпен қарауы қажет.

Қазіргі таңда полиция қызметкерлері күшейтілген режимде қызмет атқаруда. Тәртіп сақшылары жүргізушілерді жолда мұқият болып, қауіпті тәуекелдерден бас тартуға және жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға шақырады.

Қауіпсіздік қағаздағы қағида емес

Өндірістің қуаты тек шығарылған өнімнің көлемімен өлшенбейді. Оның басты көрсеткіштерінің бірі – еңбек адамының аمانдығы мен жұмыс орнының қауіпсіздігі. Әсіресе, металлургия мен көмір өндірісі қатар дамыған кеншілер өлкесінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау айрықша маңызға ие. Осы мәселе облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен кеңесте жан-жақты қаралды. Жиында кәсіпорындарды тексеру қорытындылары сараланып, өндірістік тәуекелдерді азайту жолдары талқыланды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Марғұлан Аманбаевтың мәліметінше, жыл басынан бері мамандар 69 тексеру жүргізіп, үш мыңнан астам нысанның жағдайын зерделеген. Тексеру нәтижесінде анықталған олқылықтарды жою, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының орындалуын қамтамасыз ету және ықтимал төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша тиісті шаралар қабылданған.

Кеңесте ірі кәсіпорындар мен кеніштердің басшылары өндірісті жаңғырту, ескірген жабдықтарды ауыстыру және заманауи бақылау жүйелерін енгізу бағытындағы жұмыстары туралы баяндады.

Соның ішінде, «Qarmet» кәсіпорнында кешенді техникалық қайта жабдықталу бағдарламасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Металлургиялық комбинатта вагон аударғыштар мен кож тасымалдайтын вагондар паркі жаңартылып, өндірістегі шаңды басуға арналған заманауи жүйелер енгізілуде. Сондай-ақ, жаңа кокс батареялары, сұрыпты илемдеу кешенін, ыстықтай мырыштау және полимерлі жабын-



дар цехын салу жұмыстары жүргізілуде.

Кәсіпорынды газдандыру да негізгі жобалардың біріне айналған. Өткен жылы домна пештері толықтай табиғи газға көшірілді. Бұл технологиялық үдерістердің тиімділігін арттырып қана қоймай, қоршаған ортаға түсетін салмақты азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, өндірістік ғимараттар мен инженерлік желілер жаңғыртылып, қаңылтыр илемдеу цехының шатырына күрделі жөндеу жүргізілуде.

«Karaganda Komir» кеніштерінде де техникалық жарактандыру жұмыстары қарқын алған. Жыл басынан бері кәсіпорын шамамен 500 бірлік жаңа техника сатып алған. Олардың қатарында қазу комбайндары, электровоздар мен конвейерлік жүйелер бар.

Көмір өндірісінде цифрлық бақылауға да басымдық берілуде. Тәулік бойы жұмыс істейтін диспетчерлік-талдау орталығы шахталардағы ахуалды, оның ішінде метан мөлшерін үздіксіз бақылауда ұстайды. Ал, кеншілерді төтенше жағдай кезіндегі іс-қимылға даярлау үшін виртуалды шындық технологиясына негізделген VR-тре-



нажерлар қолданылуда. Мұндай жаттығулар жұмысшылардың қауіпті жағдайда дұрыс әрі жедел шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Кеңесті қорытындылаған облыс әкімі өнеркәсіптік қауіпсіздік тек есеп пен құжат жүзінде орындалатын талап болмауға тиіс екенін атап өтті. Бұл бағытта тұрақты профилактикалық жұмыс жүргізіліп, ықтимал қауіп-қатерлер дер кезінде анықталуы қажет.

– Ең алдымен, бұл – сіздердің жауапкершілік аймақтарыңыз! Өндірістегі қауіпсіздік талаптары формалды есеппен шектелмеуі

тиіс. Әрбір анықталған кемшілік дер кезінде жойылып, тәуекелдің алдын алу нақты іс-шаралармен бекітілуге тиіс. Бұл ретте кәсіпорын басшылары жұмысшылардың өмірі мен денсаулығына тікелей жауапты екенін естен шығармауы қажет. Өйткені, қауіпсіздікке салынған инвестиция – өндірістің тұрақтылығына және адам өмірін қорғауға бағытталған ең маңызды қадам, – деді Ермағанбет Бөлекпаев кәсіпорын басшыларына.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

• БРИФИНГ

Жағалаудағы жауапкершілік өкініштің алдын алады

Аймақтағы жаз мезгілі Балқаш жағасында тізеден су кешіп жүрген демалушылар санымен, айдын бетінде зуылдаған моторлы қайықтардың үнімен ерекшеленуде. Жаз шыға жұрттың дені су жағасына қарай ағылатыны аян. Сондықтан, судағы қауіпсіздік туралы әңгіме өзектілігін жоймайды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірдегі шомылу маусымының қауіпсіздігін төтенше жағдайлар департаментінің алты құтқару бөлімшесі қамтамасыз етеді. Олар Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Приозерск қалаларында, сондай-ақ, Абай және Қарқаралыда орналасқан. Барлығы да ірі су айдындарының маңында қызмет атқарады. Күнделікті кезекшілікке 120 құтқарушы жұмылдырылған. Олардың иелігінде 34 арнайы техника, екі әуе кемесі, 29 жүзу құралы, 30 сүңгуір жабдықтарының жиынтығы, 50 құтқару шеңбері және 75 құтқару кеудешесі бар. Арнайы жүргізілген рейдтер қорытындысы бойынша бүгінгі күнге дейін әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша 33 хаттама толтырылған. Көбіне кемелері жолаушыларды құтқару кеудешелерімен қамтамасыз етпестен суға шыққан.

Қарағанды облысының төтенше жағдайлар департаменті төтенше жағдайларды жою басқармасының басшысы Нұржан Жақаев су көлігінің пайдаланылуына мүлде жол берілмейтін техникалық ақауларды қоса атап өтті. Мұның қатарында қайықтың тесіліп, су өткізуі, қозғалтқышты қашықтан басқару жүйесінің істен шығуы секілді қауіпті кемшіліктер де жоқ емес. Қағаз жүзінде мұндай жайттар жөнекей техникалық талаптар болып көрінгенімен, әр тармақтың ар жағында нақты бір қайық, оны қолданатын адамдар бар екендігін қаперге салды спикер.

– Балқаш қаласында құтқару

бөлімшесінің ғимаратына күрделі жөндеу жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар, жергілікті уежайда Eurocopter H-145-D3 тікұшағына арналған ангар аумағы оңдалып, толықтай дайындық күйіне келтірілді. Ал, Шұбартүбек жағалауында модульдік құтқару бекеттері салынуда. Соның бірі – Торанғалықтағы станса пайдалануға беріліп, қалыпты режимде қызмет көрсетіп жатыр, – деді Нұржан Тоқсанұлы.

Ескере кетер болсақ, су айдындарындағы түрлі қауіптің алдын алу шаралары кең көлемде ұйымдастырылды. Жыл басынан бері 2765 рейд амалдары іске асырылды. Соның нәтижесінде 169 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 364-бабы бойынша 135 ескерту жасалса, 142-бап бойынша жалпы сомасы 1,99 мылليون теңгені құрайтын 133 айыппұл, ал 440-бап бойынша 291,9 мың теңге көлемінде тағы 29 айыппұл салынған. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 57 брифинг пен кездесу ұйымдастырылып, радиоэфирінде 1001 рет түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік желілерде 489 ақпараттық жарияланым жарық көрген. Жалпы, түсіндіру шараларымен 269 мыңнан астам адам қамтылды. Оның 140 мыңнан астамы – мектеп оқушылары, 130 мыңға жуығы – ата-аналар. Олар үшін арнаулы сынып сағаттары, ашық сабақтар, тәжірибелік жаттығулар өткізіліп, ондаған мың жадынама таратылды.

Өкініштісі, жыл басынан бері облыстың су айдындарында 10



Коллажды жасаған Айбек Рахымжан

адам, оның ішінде екі бала жазатайым оқиғаға ұшырап, қаза тапқан. Бұл – өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өзгеріссіз қалған көрсеткіш. Алайда, тек шомылу маусымымен есепке алғанда жағдай біршама жақсарған. Қазіргі таңда аймақта ресми түрде шомылуға рұқсат етілген 149 орны белгіленген. Оның 133-і – жеке жағажай, 15-і – коммуналдық нысан, біреуі – мемлекеттік жағажай. Қалған 246 орында суға түсеті қатаң тыйым салынған. Қауіпті аймақтардың барлығы арнайы ескерту белгілерімен таңбаланған.

Былғы адам өлімінің негізгі себептері де белгілі болды. Мәселен, екі адам жүзе алмауы салдарынан қаза тапса, тағы екі адам өз мүмкіндігін асыра бағалаған. Қос бірдей оқиға балық аулау кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталмауынан болған. Бір адам көктемде табан астындағы мұз қабаты ойылып кетіп көз жұмса, тағы бір

жағдайда шағын көлемді су көлігін пайдалану қағидаларының бұзылуы қайғылы жағдайға әкелген. Суға батып бара жатқан адамдарды құтқаруға ұмтылған екі азаматтың өздері де ажал құшты.

Мамандар облыс тұрғындары мен қонақтарына қауіпсіздік қағидаларын еске салды. Олар арнайы жабдықталмаған жерлерде шомылуға, балаларды қараусыз қалдырмауға, мас күйінде суға түспеуге, белгіленген қалқыма белгілерден аспауға, қолдан жасалған жүзу құралдарын пайдаланбауға, қайықпен немесе катамаранмен жүргенде міндетті түрде құтқару кеудешесін киюге, ауа райын бақылап, дауыл кезінде су айдынына шықпауға үндеді.

Мұнан кейін сөз алған Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері Әсет Әшімов 2026 жылғы 1 шілдеден бастап Конституцияға сәйкес

заңнамалық актілерді жетілдіруге бағытталған заңның күшіне енуіне байланысты шағын көлемді кемелер мен олардың тұрақ жазаларына мемлекеттік бақылау және қадағалау жүргізу функциялары Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінен Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне берілгенін еске салды.

– Көлік министрлігінің құзырында мемлекеттік қызмет көрсету мен нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу сияқты реттеушілік функциялар сақталды. Ал, бізге қауіпсіз пайдалану талаптарына сәйкестігін тексеру, талаптарға сай келмейтін кемелерді анықтау, адамдардың өміріне қауіп төнген жағдайда олардың қозғалысын тоқтату сияқты бақылау-қадағалау өкілеттіктері берілді, – деді Әсет Талғатбекұлы.

Спикер келтірген мәліметтер жаңа міндеттердің ауқымын аңғартады. Айталық, аймақта

жалпы саны 217 су шаруашылығы нысаны бар. Оның ішінде кеме қатынасы мен су көлігі ең белсенді пайдаланылатын бес ірі су айдыны – Балқаш көлі, Самарқанд, Шерубай-Нұра және Федоров су қоймалары, сондай-ақ, Қарағанды қаласының Орталық саябағындағы көл де барлығы мәлім. Бүгінде облыста ресми түрде 938 шағын көлемді су көлігі тіркелген. Олардың қатарын қатерлер, моторлы қайықтар мен гидроциклдер толықтырып тұр. Жыл басынан бері осы көлік түрлерінің қатысуымен төтенше оқиғалар тіркелмеген. Дегенмен, бұл босаңсуға себеп емес. Шілде айынан бастап мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп су айдындарында профилактикалық рейдтер жүргізіліп жатыр. Әсіресе, өңірдегі шағын флоттың басым бөлігі шоғырланған Балқаш көліне ерекше назар аударылуда. Өлбетте, бұл қағидалардың ешқайсысы жалпы жұртқа тосын жаңалық емес. Су жағасына бір рет болса да барған адам мұның бәрінен хабары бар. Не дегенмен, дәл осы қарапайым талаптарды елемеу жылдан-жылға қайталанатын қайғылы статистиканың негізгі көңілсіз себебіне айналып өтір.

Су көзі – тіршіліктің бастауы. Бірақ, оған алданып, қауіпсіздік қағидаларын елемей бір сәтте орны толмас өкінішке ұрындыруы кәдік. Құтқарушылардың күн сайынғы еңбегі мен жүргізіліп жатқан алдын алу шараларының түпкі мақсаты – адам өмірін сақтау. Сондықтан, әрбір демалушы қарапайым қауіпсіздік талаптарын орындауды өз жауапкершілігі деп қабылдағанда ғана жаздың қызығы қайғыға ұласпайды. Жаздың аптабында су жағасы жұртқа сая, көңілге медеу. Тұмса табиғаттың осы сыйқырлы сыйы адамнан бір ғана қауіпті талап ететіндей. Ол – сақтық.

Мұрат ТЛЕУБЕРДИЕВ:

Заң мен тәртіп – қоғамның өркендеуін айқындайтын өмірлік бағдар

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әлеуметтік маңызы жоғары қылмыстар бойынша да оң динамика байқалады. Соның ішінде биыл адам өлтіру 20 пайызға, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру 28,6 пайызға, тонау 50 пайызға, бопсалау 40 пайызға азайған. Сонымен қатар, ұрлық 27,5 пайызға, алаяқтық 31,2 пайызға, оның ішінде интернет-алаяқтық 32,1 пайызға төмендеді. Бұл да құқық қорғау органдарының үйлесімді жұмысы мен профилактикалық шаралардың нәтижесі болса керек.

– Алдын алу шаралары туралы айтып қалдық. Бүгінде нақты нәтиже берген қандай жобаларды атағ едіңіз?

– «Кішікентай оттан үлкен өрт шығады» деген тәмсіл бар. Шындығында кез келген қылмыс ұсақ бұзақылықты елемеуден басталады. Қоғамдағы қауіпсіздікті сақтағымыз келсе, қылмыстың алдын алуға, құқықтық сананы биіктетуге ұмтылуымыз керек. Бұл жұмысты үйлестіру прокуратураның міндеті болғанымен, қылмыстың алдын алудың әліппесі отбасындағы тәрбиеден басталып, білім ордаларындағы тәліммен түйінделгені жөн.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілетінін» ұмытпайық. Аймақта бір қылмыс орын алса, ол тек құзырлы органдардың ғана жұмысы емес, бұл – соған жол берген, кемшілікті дер кезінде байқап, түзетуге талап қылмаған қоғамның қателігі. Ендіше, қылмыстың алдын алудағы бірінші фактор – халықтың құқық бұзушылыққа бейжай қарамауымен өзектес. Әрбір тұрғын заңға өзі ғана бағынып қоймай, наннан тыс жасалған әрекеттердің бәрине көз жұма қарамаса, біз қауіпсіз қоғамға бір табан жақындаймыз.

Екінші фактор – құқық қорғау, қадағалау органдарының жұмысын дұрыс үйлестіріп, салаға білікті, еңбекқор, табанды кадрларды тартуға байланысты. Кадрлық әлеуеті мықты құрылымда кез келген жоба аяқсыз, нәтижесіз қалмайды. Мысалы прокуратураның бастамасымен «Салауатты қоғам» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында маскүнемдік, есірткі тұтыну, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық және көшедегі қылмыстың алдын алуға бағытталған кешенді жұмыстар жүргізілді. Осы жоба шеңберінде атқарылған шаралар нәтижесінде алкогольдік масаң күйде жасалған қылмыс 5 пайызға, есірткі қылмысы 8 пайызға, тұрмыстық зорлық-зомбылық 25 пайызға, ал көшедегі қылмыс 20 пайызға төмендеді.

– Қарағанды облысы цифрлық даму көрсеткіштері бойынша көшбасшы өңірлердің қатарында. Бұл мүмкіндік прокуратура қызметінде қалай пайдаланылып жатыр?

– Мемлекет басшысы бытыртғы Жолдауында: «Жасанды интеллекттіңін қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе, жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр. Басаша болуы мүмкін емес. Себебі, бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Өйтпесе, артта қалудың салдары өте ауыр болады» деген болатын.

Бүгінде кай сала болмасын жаңа технологияның көмегімен жұмысын жандандыруға басымдық беруде. Прокуратураның да жұмысын цифрлық технологиясыз елестету мүмкін емес. Жаңа технология прокуратура жұмысындағы ашықтықты арттырды, азаматтардың құзырлы органдарға жүгінуін жеңілдетті, өзара байланысты нығайтты.

Сондай тиімді құралдың бірі – Қылмыс картасы. Бұрын біз негізінен статистикалық мәліметтерге сүйенсек, бүгінде осы цифрлық жобаның көмегімен нақты уақытта қылмыс жиі жасалатынын, қай аумақта жасалатынын, кімдердің мұндай теріс әрекетке бейім екенін көріп, бейнебақылау жеткіліксіз жерлерді анықтаймыз. Соның негізінде полиция мен жергілікті атқарушы органдарға нақты ұсыныстар беріліп, алдын алу шаралары жедел ұйымдастырылады.

Осы тәжірибенің негізінде Жол-көлік оқиғаларының картасы да әзірленді. Талдау нәтижесінде Қарағанды қаласындағы апат қауіп жоғары учаскелер анықталып, сол жерлерге 18 аппараттық-бақылау кешені орнатылды. Нәтижесінде, көшелерде апат саны айтарлықтай азайды.

Қазір осы бағыттағы жұмысты жалғастырып, Әкімшілік құқық бұзушылықтар картасын іске қосу жоспарланып отыр. Бұл жүйе құқық бұзушылық жиі жасалатын аумақтарды анықтап, профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

– Байқасак, құқықтық сауатты арттыруда жаңа форматтағы ақпараттық жобалар да қолға алынуда. Бұл бағыттағы жанышылдықтар туралы айтып өтсейіз.

– Халықтың құқықтық санасы жетілген сайын, қоғамдағы заңға қайшы әрекеттердің аясы тарыла береді. Әрқашан елдердің құқықтық сауаттылық сабақтарын мектеп табалдырығынан оқытатынын сондықтан. Біздің елімізде де қазір осы бағытта жұмыстар жүргізіліп жатқаны қуантанды. Әр азамат бала күнінен өз құқығын біліп қой-

май, өзгенің де шекарасына өтпеудің маңызы екенін түсініп өскенде, мемлекеттің құқықтық деңгейі өседі. Ал, құқықтық мәдениеті қалыптасқан елде қылмыс аз. Сонымен қатар, заңдық сауатты көтерудің де маңызы зор. Халық осы ақпараттарды күнделікті көріп, оқу арқылы ненің заңды, ненің заңсыз екенін білуі керек. Қазір біз азаматтардың ақпараттарды қалай қабылдайтынын зерделей отырып құқықтық кеңестер мен заңдық түсіндірмелердің форматын айқындаймыз. Құқықтық танымды көтеретін ақпараттар қысқа, ықшам, түсінікті, қызықтыратындай формада болуы шарт. Цифрлық технологияның тиімділігі де осында.

Мәселен, бізде QR-код арқылы жұмыс істейтін цифрлық профилактикалық платформа бар. Онда интернет-алаяқтықтан сақтану, жол қауіпсіздігі, есірткі қылмыстарының алдын алу және басқа да құқықтық тақырыптар бойынша қарапайым әрі түсінікті ақпарат пен анимациялық бейнероликтер орналастырылған. Мұны халықтың қабылдауы жеңіл.



– Интернет-алаяқтық қоғамға үлкен қауіп төндіріп отыр. Азаматтардың жаңа сипаттағы қылмыстардан қорғау бағытында қандай жұмыстар атқарылууда?

– Интернет-алаяқтық – бүгінгі заманның кеселі. Қазір цифрлық қызметсіз өміріңізді елестету қиын. Азаматтар ең көп жүгінетін де, ең көп ақпарат алатын да бірегей алаң – интернет. Алайда, алысты жақын, қиындықты жеңіл еткен осы интернет-алаяқтардың да ақша табу нысанына айналғаны рас. Ең күрделісі – интернет-алаяқтардың мүмкіндігі шексіз, олардың қылмыс орбитасының шекарасы жоқ. Цифрлық технологияны жетік меңгерген интернет-алаяқтар әлем әр түпкірінде отырып қазақстандықтарды қақпанына түсіруде. Алаяқтықтың түрі әртүрлі, және олар күн сайын дамып, күрделеніп келеді. Қылмысты жедел ашып, қылмыскерді тез табудың қиын болатынын сондықтан. Интернет-алаяқтықтың өріс алуына жол бермеу үшін халық цифрлық сауатты болуы керек. Осы мақсатта облыста «Ақпарат тосқауылшы» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында азаматтарды интернет-алаяқтықтан қорғаудың заманауи тетіктері енгізіліп, банктермен бірлескен жұмыстар жолға қойылды. Күдікті операциялар анықталған жағдайда азаматтарға жедел хабар беру, күмәнді әрекеттердің алдын алу бойынша жүйелі шаралар қабылдануда.

Сонымен қатар, «Қазақтелеком» АҚ мамандарының қатысуымен арнайы колл-орталық құрылды. Оның жұмысы нәтижесінде 10 мыңнан астам халықаралық алаяқтық қоныраудың жолы кесілді. Қашықтан жасалатын қылмыстар кезінде телефон нөмірлерін ауыстыру үшін пайдаланылған 9 Simbox құрылғысы анықталды. Бұл фактілер бойынша күдіктілер жауапкершілікке тартылып, қылмыстық істер сотқа жолданды.

Осындай ұйымдасқан шаралардың нәтижесінде интернет-алаяқтық фактілері 868-ден 657-ге дейін, яғни 24 пайызға азайды. Бұл бағыттағы жұмыс жалғаса береді. Себебі, цифрлық мүмкіндіктер артынан сайын жаңа қауіптердің де пайда болатыны анық. Өкініштісі сол, азаматтар тек қаржылық, құқықтық сауаттылық төмендігінен ғана зардап шегіп жатқан жоқ. Көпшілігі тез байысам, көлденең табысқа ие болсам деп жүріп алаяқтар торына түсіп қалғанын білмейді. Қаншама ескертулер жасалып, ақпараттар күнделікті таратылғанымен, қаржы пирамидаларына алданатындар қатарының кемімеуіне де себеп – осы.

Мысалы, облыс прокуратурасының үйлестіруімен Экономикалық тергеу-тексеру департаменті биыл қаржы пирамидаларын құру және оларға басшылық жасау фактілері бойынша бірқатар қылмыстық іс іркелді. Дерекке сүйенсек, заңсыз схемаларға 400-ден астам салымшы тартылған.

Солардың бірі – облыс аумағында әрекет еткен «Такорп» қаржы пирамидасы. Тергеу барысында күдіктілердің криптовалютасына 32 мың АҚШ долларынан астам

көлемде тыйым салынды. Сот шешімімен «М» деген азамат Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 217-бабы бойынша кінәлі деп танылып, 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айырылды. Сот үкімі әзірге заңды күшіне енген жоқ.

– Азаматтардың құқықтарын қорғау прокуратура қызметінің негізгі бағытының бірі. Осы саладағы ең маңызды нәтижелерге тоқталсаңыз...

– Әр арыздың артында адам тағдыры тұрады. Ал, тағдырдың үлкен-кішісі болмайды. Сондықтан, әр іске жауапкершілікпен қарап, нақты нәтижеге жұмыс істеу – біздің міндетіміз. Десек те, күрделі істерді қадағалау күнделікті жұмыс дағдысына айналған прокурорлардың араласуымен қаралған – «Э-Ф» микроқаржы ұйымына қатысты жағдайды айта кетейік.

Тексеру барысында аталған ұйымның қарыз алушылардың берешегін ұлғайту үшін заңсыз әрекеттер жасағаны анықталды. Ұйым қызметкерлері несие шарттарын рәсімдеу кезінде несиенің мақсатты тағай-

тын алуға құқығы бар азаматтардың тізімін кеңейту бойынша қадағалау шаралары қабылданды. Нәтижесінде 4 мыңнан астам азаматтың тұрғын үй құқықтарын қорғауға мүмкіндік туды.

– Мемлекеттік қаражаттың тиімді жұмсалуды – қоғам алдындағы үлкен жауапкершілік. Осы бағытта қандай нәтижелерге қол жеткізді?

– Бюджеттің әр теңгесі – халықтың қаржысы. Ал халыққа бөлінген қаржы мақсатсыз жұмсалмауы керек. «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деп, заңды белден басуға жол берілмейді. «Бюджеттік сүзгі» жобасының да негізгі көздегені – осы. Оның ерекшелігі – заң бұзушылық орын алмай тұрып, тиімсіз шығындардың жолын кесуге бағытталған. Жоба іске қосылғалы прокуратура 28 млрд теңгеге жуық қазына қаржысының негізсіз жұмсалудына жол бермеді. Бұл қаражат халыққа қажетті әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға бағытталуы тиіс. Бүгінде мемлекеттік қаржының тиімді жұмсалудына бақылау күшейтілді.

лар шынайы өмірден сырт қалған. Олардың көпшілігіне жақындарынан гөрі әлеуметтік желі қымбат. Ал, бұл кеңістікте қауіп аз емес. Сондықтан, жасөспірімдерге кері әсер ететін зиянды контенттерді анықтау және олардың таралуына жол бермеу бағытындағы жұмыс тоқтамауы керек.

– Денсаулық сақтау саласында азаматтардың құқықтарын қорғау бағытында қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Әр азаматтың сапалы әрі қолжетімді медициналық көмек алуға құқығы бар. Осы мақсатта облыста «Қолжетімді медицина» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға және тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға бағытталған бірқатар шара қабылданды.

Соның бірі – емханаларда енгізілген «Онлайн-кезек» цифрлық жүйесі. Бұл механизм азаматтарға алдын ала қашықтан кезекке тұруға, қабылдау уақытын жоспарлауға және медициналық қызметті тиімді алуға мүмкіндік береді. Қазір бұл жүйе Қарағанды қаласындағы №15, №2, №4 емханаларда және Студенттік емханада пилоттық режимде жұмыс істеуде. Азаматтар DamuMed қосымшасы арқылы онлайн кезекке тұра алады. Қазіргі уақытта аталған тетікті қаланың басқа емханаларында енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі заңдылықтың сақталуы да тұрақты бақылауда. Прокуратура тексеруі барысында МӘМС аясында тегін көрсетілуі тиіс медициналық қызметтер үшін азаматтардан заңсыз қаражат алу фактілері анықталды. Атап айтқанда, жүктілікті жасанды ұзу қызметі бойынша үш жыл ішінде прокуратураның ықпалымен 7 млн теңге азаматтарға қайтарылды. Әр адам үшін денсаулығынан бағалы ештеңе жоқ. Соны пайдаланып, табыс тапқысы келетіндер аз емес. Прокуратураның араласуымен көптеген заңсыздықтардың жолы кесілді. Бұл халықтың денсаулық сақтау саласына ғана емес, ертеңіне деген сенімін нығайту үшін керек.

– Қоғамдық қауіпсіздікке елеулі қауіп төндіретін бағыттардың бірі – есірткі қылмысы. Бұл мәселе бойынша қандай шаралар қабылданды?

– Есірткі – әлеуметтік мәселе. Оның зардабы тұтас отбасының өміріне әсер етеді. Бұл бағыттағы күрес кешенді түрде жүргізілуі қажет. Биыл облыста екі жасырын есірткі зертханасының қызметі тоқтатылды. Бұл есірткі заттарын дайындау және тарату арналарына тосқауыл қоюға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, есірткінің таралуына қарсы цифрлық кеңістіктегі жұмыстар күшейтілді. Есірткінің насихаттайтын немесе таратуға бағытталған интернет-ресурстар анықталып, бұғатталып келеді.

Бүгінде есірткі тасумен, сатумен айналысып, істі болғандардың көпшілігі – өрімдей жастар. Өз өміріне өшіпсе таңба салған осы жастардың бәрі заңды білмеді, жаңылдық, жаздық деп ақталуға тырысып жатады. Заңды білмеу жазадан құтқармайды. Біз осыны білім ордаларында өткен кездесулерде балалардың санасына жеткізуге тырысамыз. Өте жоғары табыстың артында теріс пиялалық, заңсыздықтардың тұратыны талассыз. Жастар соны түсінсе, он мен солды таразылауға үйренсе дейміз.

Жастардың құқықтық сауаты жоғары болса, қоғамдағы заңдылық та нығая түседі. Сондықтан, жас буынмен жұмыс – біздің ұзақ мерзімді басымдықтарымыздың бірі. Осы мақсатта мектеп оқушылары мен студенттердің қатысуымен көпшілік сот отырыстары, құқықтық дәрістер қолданылды. Мұндай іс-шаралар жастарға заңның қалай жұмыс істейтінін, құқық бұзушылықтың салдары қандай болатынын түсінуге мүмкіндік береді. Біз жастарға тек тыйым салу арқылы емес, құқықтық мәдениетін қалыптастыру арқылы әсер етуіміз керек. Осы ретте «Құқықтық тәртіп әліппесі» жобасының көмегі көп.

– Әңгімеміздің соңында облыс тұрғындарына айтар тілегіңізді білсек...

– «Заң қатал, бірақ бұл – заң» деген ежелгі римдік тәмсіл бар. Заңды құрметтеу, өз құқығыңды білу, қоғамдық тәртіпті сақтау – қауіпсіз әрі әділетті мемлекет қалыптастырудың негізгі шары. «Заң мен тәртіп» қағидатын берік ұстануға шақырамыз.

Прокуратура өз тарапынан азаматтардың құқығын қорғау, заңсыздықтың алдын алу және қоғамның сенімін нығайту бағытындағы жұмысын жалғастыра береді. Тұрақты әрі қауіпсіз болашақ тек мемлекеттік органдар мен азаматтардың бірлескен әрекеті арқылы қалыптасатынын ұмытпаған жөн.

– Уақыт бөліп, тұтымды әңгіме өрбіткеніңіз үшін рақмет!

Сұхбаттасқан
Жәлел ШАЛЖАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлеуетті нарыққа әділ бәсеке керек

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел экономикасын жаңғыртудағы негізгі басымдықтың бірі ретінде әділ бәсекелестік ортасын қалыптастыруды, монополияны қысқартуды және кәсіпкерлікке тең мүмкіндік беруді үнемі назарда ұстап келеді. Президент тапсырмасына сәйкес, бүгінде мемлекеттік органдардың басты міндеттерінің бірі – нарықтағы жасанды кедергілерді жою, адал кәсіпкерлікті қолдау және тұтынушылардың мүддесін қорғау. Бұл бағыттағы жұмыстар өңірлерде де жүйелі жалғасып келеді. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті де биылғы бірінші жартыжылдықта бірқатар маңызды тергеп-тексерулер жүргізіп, бәсекелестікке қарсы әрекеттердің жолын кесуге бағытталған нақты шаралар қабылдаған.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дерекке сүйенсек, мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектордың және нарық субъектілерінің қызметіне талдау жүргізіліп, заң бұзушылықтардың алдын алуға басымдық берілген. Бұл туралы агенттіктің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Шолпан Жұматаева мәлімдеді.

– Көпшілік монополияға қарсы органды баға белгілейтін немесе бағаны реттейтін құрылым деп қабылдайды. Алайда, бұл дұрыс түсінік емес. Бұл біздің құзыретімізге кірмейді. Біздің міндетіміз – нарықта үстем немесе монополиялық жағдайға ие кәсіпкерлердің заң талаптарын сақтауын бақылау және заң бұзылған жағдайда тиісті ықпал ету шараларын қабылдау. Яғни, жұмысымыздың түпкі мақсаты – нарықтағы әділ бәсекені қамтамасыз ету, – деді Шолпан Бекайдарқызы.

Департамент жұмысының негізгі бағытының бірі – бәсекелестікті қорғау. Бұл бағыттағы маңызды құралдың тиімдісі – тергеп-тексеру жүргізу.

Биыл аяқталған істердің бірі – «АрмСтрой» ЖШС мен «Райс КЗ» ЖШС-не қатысты тергеп-тексеру. Аталған іс 2024 жылдың желтоқсанында аяқталғанымен,



Қолжазы жасауы Шолпан Жұматаева

оған қатысты сот процестері биыл қорытындыланды.

Тергеп-тексеруге Қазақстан Республикасы Сыбайлас Жемқорлыққа қарсы қызметінің «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы өткізген сатып алуларға қатысушылардың әрекеттерінде келісілген іс-қимыл белгілері бар екендігі туралы тағы негіз болған.

Департамент мамандары мемлекеттік сатып алулар барысында екі компанияның үнемі жұптасып қатысқанын анықтады. Әр конкурсқа бір ғана бір-біріне қарсы бәсекелес ретінде қатысып отырған. Сонымен бірге, өтінімдер бір күнде және қысқа уақыт аралығында тапсырылған. Бір компания небәрі 1-5 пайыз көлемінде жеңілдік ұсынса, екіншісі мүлдем жеңілдік бермеген.

Тексеру нәтижесінде екі серіктестікке қатысты тиісті ықпал ету шаралары қабылданды. «Райс КЗ» ЖШС департаменттің нұсқама-сын орындаса, «АрмСтрой» ЖШС сотқа жүгінген. Алайда, бірінші және апелляциялық сатыдағы соттар департамент әрекетінің заңдылығын толық растады.

Сонымен қатар, Қарағанды қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотының 2026 жылғы 8 маусымдағы Қаулысымен «АрмСтрой» ЖШС әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Компанияға заңсыз табыстың үш пайызы мөлшерінде айыппұл салынып, заңсыз алынған

қаражат мемлекет кірісіне тәркіленді. Қазір сот қаулысына шағым түсіріліп, іс жоғары сатыда қаралып жатыр.

Департамент жүргізіп жатқан тағы бір маңызды тергеп-тексеру Теміртау қаласындағы жерлеу қызметтері нарығына қатысты.

Азамат В.Степованың өтініші негізінде жүргізілген талдау барысында жергілікті атқарушы органның нарық субъектілеріне тең жағдай жасамағаны анықталған. Атап айтқанда, жалға алу шарты аясында қызмет көрсетіп отырған «Темирлан АРС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арқылы өзге ритуалдық қызмет көрсетушілердің зират инфрақұрылымына қол жеткізуіне шектеулер қойылған.

Осыған байланысты, департамент Теміртау қаласы әкімінің аппаратына заң бұзушылық белгілерін жою туралы хабарлама жолдап, жалдау шарттарына барлық кәсіпкерлерге тең қол жетімділік беретін өзгерістер енгізуді ұсынған. Десе де, заңда белгіленген мерзімде талап орындалмағандықтан, қазіргі уақытта әкімдікке қатысты ресми тергеп-тексеру жүргізіліп жатыр.

– Біздің ұстанымымыз – алдымен заң бұзушылықтың алдын алу. Сондықтан, тергеп-тексеруге дейін нарық субъектілеріне немесе мемлекеттік органдарға хабарлама жолдаймыз. Заң талаптарын өз еркімен түзетуге мүмкіндік береміз. Егер хабарлама уақытында

орындалса, мәселе сотқа немесе тергеуге дейін жеткізілмейді. Бұл – мемлекет пен бизнестің өзара сеніміне негізделген тәсіл, – деді Шолпан Жұматаева.

Жыл басынан бері департамент үш хабарлама шығарған. Оның ішінде, «Жанатас КЗ» ЖШС көлік инфрақұрылымы нысандарының коммерциялық алаңдарына қол жеткізу кезінде үстем жағдайын теріс пайдалану белгілері бойынша берілген хабарламаны толық орындаған.

Ал, «DOS S.S.S.» ЖШС-не бірдей жағдайда тұрған тұтынушыларға әртүрлі шарттар мен бағалар қолдану белгілері бойынша хабарлама жолданған. Оның орындалу мерзімі әзірге аяқталған жоқ.

Үшінші хабарлама Теміртау қаласы әкімінің аппаратына жолданып, әлеуметтік маңызы бар қызметтер нарығына қол жетімділікті шектеу мәселесіне қатысты берілген.

Департамент мемлекеттік сектордың кәсіпкерлік қызметке қатысуына да тұрақты мониторинг жүргізеді. Өйткені, Президент мемлекеттік қатысуды қысқартып, жеке бизнестің мүмкіндігін кеңейту жөнінде нақты міндет қойған.

Биыл облыста квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қатысты 49 мониторинг жүргізілді. Нәтижесінде 35 нұсқама енгізіліп, қазіргі уақытта олардың үшеуі орындалған. Қалған 32 нұсқама-ның орындалу мерзімі әлі аяқталмаған.



Мемлекеттік кәсіпорындардың қызметі Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабымен және Үкіметтің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1095 Қаулысымен бекітілген қызмет түрлерінің тізбесімен реттеледі. Сондықтан, департамент мемлекеттік құрылымдардың осы талаптарды сақтауына да ерекше назар аударады.

Өңірде бәсекелестікті дамыту бағытындағы тағы бір маңызды алаң – департамент жанындағы кедергілер жөніндегі кеңес.

Бұл кеңеске кәсіпкерлер, мемлекеттік органдар мен қоғам өкілдері қатысады. Кеңестің негізгі міндеті – нарыққа кіруге кедергі келтіретін әкімшілік және реттеушілік тосқауылдарды анықтап, оларды жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Кеңестің ұсынымдары кейін агенттікке жолданып, республикалық деңгейде қалыптастырылатын тосқауылдар картасына енгізіледі. Сондай-ақ, олар Бәсекелестікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны жетілдіру барысында пайдаланылады.

Теміртау қаласының тұрғыны, жеке кәсіпкер Ерболат Ерболұлының айтуынша, мұндай жұмыстар бизнестің ашық дамуына оң әсер етеді.

– Кәсіпкер үшін ең маңыздысы – талаптың бәріне бірдей қойылуы. Егер біреу артықшылық алып, біреу шеттетілсе, әділ бәсеке болмайды. Сондықтан, мұндай бақылау ең алдымен адал жұмыс істейтін кәсіпкерлерге қажет деп ойлаймын, – дейді ол.

Брифинг барысында департамент өкілдері бизнес қауымдастығын ашық диалогқа шақырып, кедергілер жөніндегі кеңестің жұмысына қатысуға үндеді.

– Әділ бәсекелестік – экономиканың тұрақты дамуының басты шарты. Біз үшін әрбір кәсіпкердің нарыққа тең мүмкіндікпен шығуы маңызды. Сол себепті, департамент алдағы уақытта да заңдылық, ашықтық және әріптестік қағидаттарына сүйене отырып жұмысын жалғастырады. Басты мақсат – заң талаптарының сақталуына жағдай жасап, аймақта бәсекелестіктің тиімді дамуына ықпал ету, – деп қорытындылады Шолпан Жұматаева.

• СЕРІКТЕСТІК

Қос елді жалғайтын білім көпірі

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті халықаралық әріптестік аясын кеңейтіп, білім беру, ғылым және инновация бағытындағы жаңа жобаларға қатысуға ниетті. Осы мақсатта оқу орны Қазақстан мен Германия университеттерін байланыстыратын «Silk Road STEM Corridor» бастамасына қосылу мүмкіндігін қарастырып жатыр.

Университеттің баспасөз қызметінің мәліметінше, Магдебург қаласындағы Отто фон Герике университетінің өкілдерімен кездесу өткен. Жиын барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың перспективаларын, бірлескен ғылыми және білім беру жобаларын жүзеге асыру, сондай-ақ, тәжірибе алмасу мәселелерін талқылады.

Германиялық делегация өкілдері кездесуде Silk Road STEM Corridor бастамасының негізгі тұжырымдамасын таныстырды. Жоба Германия мен Орталық Азияның бес мемлекетіндегі жоғары оқу орындарын ортақ академиялық кеңістікке біріктіруге бағытталған.

Қазіргі таңда Қарағанды техникалық университетінің аталған бастамаға пилоттық режимде қосылу мүмкіндігі қарастырылуда. Бұл қадам инженерлік және техникалық мамандарды даярлау сапасын арттыруға, халықаралық тәжірибе алмасуға және университеттің жаһандық білім беру кеңістігіндегі орнын нығайтуға жол ашпақ.

Жоба жүзеге асқан жағдайда ҚарТУ студенттері мен оқытушылары үшін шетелдік серіктес университеттермен бірлескен бағдарламаларға қатысуға, ғылыми зерттеулер жүргізуге және заманауи инженерлік технологияларды игеруге жаңа мүмкіндік туады.

Айта кетейік, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті бұған дейін де шетелдік және отандық бірқатар жоғары оқу орындарымен әріптестік орнатып, ғылыми-білім беру бағытындағы бірлескен жобаларды жүйелі жүзеге асырып келеді.

Өз тілшімізден

Қаржы бар жерде қарқын бар

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Мемлекет басшысының инвесторларды тарту жөніндегі тапсырмасы аясында жаңа инвестициялық стратегия кешенді түрде әзірленуде. Онда арнайы экономикалық аймақ (АЭА) аумағын субаймақтармен кеңейту қарастырылған. Осыған байланысты, қызмет түрлерін кеңейту қажет: әуежай қызметіне қатысты 12 жаңа бағыт қосу ұсынылып отыр. Көлік қызметтері, логистика, жүк тасымалы, қонақ үйлерді салу, авиациялық жанармай сату және тағы басқа. Екінші мәселе – АЭА құрылымын күшейту. Басқа экономикалық аймақтардағыдай, Түркістан, Астана, Алматыда инвестиция тарту бөлімшелері жұмыс істейді, – деді Қарағанды облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Әлібек Молдакәрімов.

Не дегенімізбен, өңірдің келешегін айқындайтын ең маңызды көрсеткіш – инвестициялық жобалар қоржыны. Қазіргі таңда аймақта жалпы құны 4,5 триллион теңгені құрайтын 120 инвестициялық жоба қалыптастырылуда. Олар толық жүзеге асқанда 20 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Сыйп келгенде, мұны тұтас бір шағын қаланың тұрғындарын еңбекпен қамтуға жететін көрсеткіш деп бағамдай аламыз. Өңірде Инвесторларға қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. Сондай-ақ, облыс әкімінің тікелей жетекшілігімен инвестициялық штаб қызмет атқарып, кәсіпкерлердің мәселелері бюрократиялық

кедергілерсіз, «осы жерде және дәл қазір» қағидаты бойынша жедел шешімін табуда.

Өңір бүгінде елімізді көкстелетін көмірдің толық көлемімен, энергетикалық көмірдің үштен бірімен, түсті және бағалы металдардың елеулі үлесімен, жалпақ илек өнімдерінің жүз пайыздық өндірісімен қамтамасыз етіп отыр. Облыстың индустриялық картасы жыл сайын өрісті өндіріс орындарымен толығып келеді. Мәселен, Қазақстан мен Ресей арасындағы өнеркәсіптік кооперация аясындағы маңызды жобалардың бірі – аймақтағы шина шығаратын зауыт салу бастамасы. Биыл мамыр айында Астанада екі елдің өкілдеріне ұсынылған жаңартылған инвестициялық қоржынға енгізілген атаулы жоба қазақстандық-ресейлік өндірістік ынтымақтастықтың операциялық кезеңге өткен 122 жобасының қатарында. Жалпы құны шамамен 53 миллиард АҚШ долларын құрайтын 177 жобаның ішінен бұл бастамалар нақты іске асырыла бастаған өндірістер санатына енді.

Өндірісі өрлеген өңір

Ал, Балқаш көлінің жағасында мүлде жаңа ауқымдағы жоба жүзеге асырылмақ. Мұнда ВВЭР-1200 реакторларымен жабдықталатын атом электр станциясының құрылысы жоспарланып отыр. Бірқатар сарапшылар маңызды нысанды тұтас республиканың болашақ атом энергетикасының негізгі тірек жобасы ретінде бағалайды. Ғасырлар бойы көмір өндірумен танылған өндірісті өңір



pinetrest.com

үшін атом энергетикасының іргесі қаланатын алаңмен көрші болу – ерекше тарихи бетбұрыс. Жер қойнауынан алынған көмір арқылы елге жылу сыйлап келген сайын дала енді жаңа буын энергиясының да қайнар көзіне айналуға қадам басып отыр.

Қарағанды облысында туризм де қарқын алып келеді. Өнеркәсіптік өңір үшін бұл тосын бағыт болып көрінгенімен, оның болашағы зор. Қарқаралы ауданындағы «Бұғылы» рекреациялық аймағында облыстық бюджет есебінен 7,5 гектар аумақта инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салынуда. Құны 4,4 миллиард теңгені құрайтын

бұл жоба кейін жеке инвестиция тартуға берік негіз қалайды. Ал, Самарқанд су қоймасының жағалауында құны шамамен 17,4 миллион АҚШ долларын құрайтын көпфункционалы қонақүй және ойын-сауық кешені бой көтермек. Жоба жүзеге асқанда мұнда 180-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылады.

«Аталған жобалардың жүзеге асырылуы өңірге 2 миллиард теңгеден астам жеке инвестиция тартуға соны мүмкіндік беріп, облыстың туристік саласының одан әрі дамуына серпін береді», – деп жазылған Қарағанды облысы әкімдігі баспасөз қызметінің анықтамасында.

Мұндағы ұстаным айқын әрі

тиімді: мемлекет инженерлік инфрақұрылымды – жол, электр, су және басқа да коммуникацияларды әзірлейді. Өз кезегінде бизнес тарабы дайын алаңға инвестиция құйып, жаңа жобаларды іске асырады.

Индустрияландыру – өңір дамуының жалғыз бағыты емес. Қарағанды өңірі ежелден-ақ елдің сенімді астықты аймақтарының бірі саналады. Өткен жылдың қорытындысында облыс дикан-дары 1 миллион 125 мың тонна астық жинап, жалпы өнім көлемі бойынша республикада төртінші орынға шықты. Түп нәтижесінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 453,5 миллиард

теңгеге жетті. Инвестиция игілігі ауылдарға да бағытталуда. Бұқар жырау ауданы мен облыстың өзге де өңірлерінде әкімдік ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен меморандумдар жасап, мемлекеттік қолдау мен бизнестің мүмкіндігін біріктіру арқылы ауылдық әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға күш салып келеді.

Инвестиция – есеп-қисаптағы көзайым көрсеткіш те, триллиондап саналатын қомақты қаржы деп қана қарастырылған болсақ, әбес пайым қыларымыз айғақ. Инвестиция – ертен жаңа жұмыс орнына келетін адам. Инвестиция – ғаламтор мен сапалы жолға қол жеткізетін ауыл. Инвестиция – көмірлі өңір деген тарихи болмысын сақтай отырып, жоғары технологиялы индустрияға нық қадам басқан аймақ болар асылында. Инвестиция – уақыттың тынысын дәл таныған елдің тандауы. Экономиканың нақты күші де дәл осындай үнсіз еңбектен, ұзақ мерзімді сенімнен және батыл шешімдерден құралады. Инвестиция игілігінің шынайы өлшемі миллиардтар мен триллиондарда емес. Оның басты құны – туған жерінде тұрақты еңбек тапқан жас маманның үмітінде, ауылға жеткен жарық пен жолда, кәсіп бастаған азаматтың батыл қадамында, өңірдің ертеңіне деген сенімде. Ал, қазналы Қарағандының жаңа даму кезеңі дәл осы сенім мен жасампаздыққа сүйеніп қалыптасып келеді.

Starlink ауыл мектебінің тынысын ашты

«Барша бала сапалы білім алуға тең мүмкіндікке ие болуы тиіс. Бұл үшін қала мен ауыл мектептері арасындағы алшақтықты жою қажет», – деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру жүйесін дамытудағы басым бағыттардың бірін айқындаған болатын. Ауыл баласының арманы қала баласының мүмкіндігінен кем болмауы керек. Бұл – Президенттің білім саласына қатысты ұстанымының өзегі. Шынында да, бүгінгі білімнің сапасы мектептің қай жерде орналасқанымен емес, оның қандай мүмкіндікке ие болғанымен өлшенеді. Кеше ғана интернеттің әлсіздігі салдарынан онлайн сабаққа әрең қосылған ауыл оқушысы бүгінде әлемнің жетекші білім платформаларымен қатар жұмыс істеп отыр.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»



Білім басқармасының дерегінше, Қарағанды облысында соңғы жылдары ауыл мектептерін цифрландыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Соның нәтижесінде биыл өңірдегі 106 ауылдық мектеп Starlink жоғары жылдамдықты спутниктік интернетіне қосылып, шалғай ауыл мектептерін интернетпен қамту көрсеткіші 100 пайызға жетті. Бұл сандық көрсеткіш қана емес. Бұл – мыңдаған ауыл баласының сапалы білімге тең мүмкіндік алғанының дәлелі.

– Бүгінде интернет байланысы мектеп үшін қосымша қызмет емес, білім беру процесінің негізгі құралына айналды. Сабақтың басым бөлігі цифрлық платформалармен байланысқан. Мұғалімдер электронды ресурстарды пайдаланады, оқушылар халықаралық олимпиадаларға онлайн қатысады, ғылыми жобаларын әлемнің кез келген сарапшысына ұсына алады. Бұрын ауылдағы оқушы үшін қолжетімсіз болып көрінген дүниелер бүгінде күнделікті білім беру үдерісінің бір бөлігіне айналып келеді. Starlink жүйесінің басты ерекшелігі – шалғай елдімекендерде де тұрақты әрі жоғары жылдамдықты интернеттің қолжетімді болуы. Бұрын ауа райының қолайсыздығы немесе байланыс желісінің әлсіздігі онлайн сабақтардың сапасына әсер ететін. Кей ауылдарда бейнесабак көрудің өзі қиын еді. Қазір бұл мәселе шешімін тауып келеді. Бұл өзгеріс ең алдымен оқушының білім алу мүмкіндігін кеңейтті. Әлемдік білім платформалары, виртуалды зертханалар, халықаралық олимпиадалар мен онлайн курстар бұрынғыдай арман емес. Оқушылар Coursera, Khan Academy, BilimLand секілді білім ресурстарын пайдаланып, өздігінен білімін толықтыра алады. Жасанды интеллектке негізделген сервистер арқылы тапсырмаларды орындап, күрделі тақырыптарды терең меңгеруге мүмкіндік алды.

Бүгінде Қарағанды облысында 404 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді. Оның 221-і ауылдық елдімекендерде орналасқан. Қазіргі таңда өңірдегі барлық білім беру ұйымдары интернетке қосылып, Оқу-ағарту және Цифрлық даму министрліктері белгілеген ең төменгі жылдамдық талаптарына толық сәйкес келеді. Бұл соңғы жылдары жүргізілген цифрлық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстарының нәтижесі. Starlink технологиясының басты артықшылығы – интернеттің жылдамдығы ғана емес, байланыс тұрақтылығының артуы. Бұрын шалғай ауыл мектептері жерден шамамен 36 мың шақырым қашықтықтағы геостационарлық спутниктер арқылы қосылып, интернет жылдамдығы орта есеппен 8 Мбит/с деңгейінде болатын. Ал, төмен орбитада жұмыс істейтін Starlink спутниктері білім беру ұйымдарын 80-200 Мбит/с аралығындағы жоғары жылдамдықтағы интернетпен қамтамасыз етіп отыр. Соның арқасында 86 ауыл мектебінің оқушылары мен педагогтері цифрлық білім беру платформаларын, онлайн курстар мен заманауи білім ресурстарын еш кедергісіз пайдаланып, оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік

алды. Starlink жүйесінің тиімділігі бүгінде оны алғаш болып пайдаланған ауыл мектептерінде анық байқалып отыр. Соның бірі – Бұқар жырау ауданындағы Көкпекті жалпы білім беретін мектебі. Бұған дейін оқу орнындағы интернет жылдамдығы небәрі 8 Мбит/с болған. Бұл бір мезгілде бірнеше кабинетте онлайн платформаларды пайдалануға мүмкіндік бермейтін. Starlink бізге 25 мамырда орнатылды. Бұл өте жақсы мүмкіндіктер береді. Мұғалімдер мен оқушылар риза, жаңа оқу жылында жақсы интернет болады. Бізде төрт информатика кабинеті бар, мектепте 100 компьютер бар: олар әр оқу кабинетінде орнатылған. Бұрын төмен жылдамдыққа байланысты бір мезгілде барлығы жұмыс істеу үшін интернетке кіру мүмкін болмады. Енді бұл мәселе шешілді. Мұғалімдер кез келген цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана алады, кез келген уақытта

Бұрын шалғай ауыл мектептері жерден шамамен 36 мың шақырым қашықтықтағы геостационарлық спутниктер арқылы қосылып, интернет жылдамдығы орта есеппен 8 Мбит/с деңгейінде болатын. Ал, төмен орбитада жұмыс істейтін Starlink спутниктері білім беру ұйымдарын 80-200 Мбит/с аралығындағы жоғары жылдамдықтағы интернетпен қамтамасыз етіп отыр. Соның арқасында 86 ауыл мектебінің оқушылары мен педагогтері цифрлық білім беру платформаларын, онлайн курстар мен заманауи білім ресурстарын еш кедергісіз пайдаланып, оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік алды.

көп күтпестен бейне сабақтар өткізе алады, – деді Көкпекті орта мектебінің директоры Гаухартас Жаймина.

Жобаны іске асыру алдында өңірдегі барлық мектептердің интернет инфрақұрылымына кешенді талдау жүргізілген. Нәтижесінде 412 жалпы білім беретін мектептің 106-сында интернет жылдамдығы білім беру ұйымдары үшін белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес келмейтіні анықталды. Бұл елдімекендерде байланыс жылдамдығын арттырудың техникалық мүмкіндігі болмағандықтан, спут-

Starlink жүйесінің басты ерекшелігі – шалғай елдімекендерде де тұрақты әрі жоғары жылдамдықты интернеттің қолжетімді болуы. Бұрын ауа райының қолайсыздығы немесе байланыс желісінің әлсіздігі онлайн сабақтардың сапасына әсер ететін. Кей ауылдарда бейнесабак көрудің өзі қиын еді. Қазір бұл мәселе шешімін тауып келеді. Бұл өзгеріс ең алдымен оқушының білім алу мүмкіндігін кеңейтті. Әлемдік білім платформалары, виртуалды зертханалар, халықаралық олимпиадалар мен онлайн курстар бұрынғыдай арман емес. Оқушылар Coursera, Khan Academy, BilimLand секілді білім ресурстарын пайдаланып, өздігінен білімін толықтыра алады.

никтік Starlink технологиясын енгізу туралы шешім қабылданды. Жоба кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, алғашқы болып Абай, Бұқар жырау, Нұра, Осакаров және Қарқаралы аудандарының мектептері жаңа жүйеге қосылды. Бұл шешім талшықты-оптикалық байланыс желілері толық тартылғанға дейін шалғай ауылдардағы білім беру ұйымдарын тұрақты әрі талапқа сай интернетпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мектеп аумағында спутниктік табак орнатылып, бірінші қабатқа маршрутизатор мен арнайы жабдық қойылған. Барлық оқу кабинеттеріне жергілікті желі тартылып, цифрлық инфрақұрылым толық жаңартылған. Соның арқасында бұрын бірнеше сағат бойы жүктелетін электронды журналдар мен білім платформалары бүгінде санаулы секунд ішінде ашылады.

Жоба өңірдегі цифрлық теңсіздікті жоюға бағытталған. Облыстық ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және мұрағаттар басқармасы басшысының орынбасары Мейіржан Жұмахановтың айтуынша, жұмыс кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр.

– Облыс бойынша бізде 410 мектеп бар, оның 106-сында интернет жылдамдығымен проблемалар болды. 20 мамырдан бастап олар SpaceX компаниясының Starlink технологиясы бойынша кең жолақты интернетке қосыла бастады. Жұмысты шілде айының соңына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз.

ге, мектептерде Digital matematika, BilimTest сияқты білім беру платформалары енгізіліп жатыр. Мұғалімдер жасанды интеллект элементтері бар бағдарламалардың көмегімен сабақ жоспарын әзірлеп, оқушылардың білім деңгейін саралап, әр балаға жеке тапсырма дайындай алады. Бұл педагогтің уақытын үнемдеп қана қоймай, оқу сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Білім саласының мамандары ауыл мен қала арасындағы айырмашылықтың ең үлкен себептерінің бірі ұзақ уақыт бойы цифрлық инфрақұрылым болғанын айтады. Байланыс сапасының төмендігі оқушының ақпаратқа қолжетімділігін шектеп келді. Ал бүгінде бұл кедергілер біртіндеп жойылып жатыр. Цифрлық жаңғырудың тағы бір маңызды қыры – мұғалімдердің кәсіби дамуы. Бұрын облыс орталығына келіп қана қатысатын семинарлар мен курстар енді онлайн форматта өткізіледі. Ауыл педагогтері халықаралық вебинарларға қатысып, жаңа әдістемелерді меңгеріп, әлемдік тәжірибемен таныса алады. Бұл өз кезегінде сабақ сапасының жақсаруына әсер етеді.

Цифрландыру тек интернет тартумен шектеліп отырған жоқ. Қатар жүргізіліп жатқан тағы бір жұмыс мектептердің материалдық-техникалық базасын жаңарту. Бүгінде ауыл мектептерінде информатика, роботтехника, физика, химия және биология кабинеттері жаңартылып, интерактивті панелдер мен цифрлық зертханалар орнатылуда. Қарапайым мысал. Бұрын физика заңдарын тек оқулықтан оқыған бала бүгінде тәжірибені өзі жасап, нәтижесін компьютер арқылы талдайды. Роботтехника кабинетінде өз қолымен бағдарлама жазып, алғашқы роботын құрастырады. Биология зертханасында виртуалды микроскоппен жұмыс істейді. Мұның барлығы теорияны тәжірибемен ұштастырып, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Облыста мектептердің компьютерлік паркін жаңарту да жүйелі жүргізілуде. Соңғы кезеңде 9 мыңнан астам жаңа компьютер сатып алынып, білім беру ұйымдарына берілді. Бұл мұғалімдердің де, оқушылардың да цифрлық мүмкіндігін айтарлықтай кеңейтті. Жаңартылған кабинеттер мен жоғары жылдамдықты интернеттің тағы бір нәтижесі – балалардың инженерияға, бағдарламалауға, роботтехникаға қызығушылығының артуы. Дәл осы салалар алдағы онжылдықтағы еңбек нарығында ең ауқымды сұранысқа ие мамандықтардың қатарында болады. Демек, ауыл мектебіндегі бүгінгі инвестиция – ертеңгі инженерді, IT маманын, зерттеушіні даярлауға салынған инвестиция.

Ең бастысы, ауылдағы оқушы өзін ешкімнен кем сезінеуі керек. Оның да үлкен арман құруға, сапалы білім алуға, халықаралық жарыстарда бақ сынауға толық мүмкіндігі болуы тиіс. Мемлекет жүргізіп отырған цифрландыру саясатының түпкі мақсаты да – осы. Аймақта жүзеге асып жатқан жұмыстар ауыл мектебінің жаңа келбетін қалыптастырып келеді. Ендігі міндет – осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, білім сапасын жаңа деңгейге көтеру. Бүгін ауыл мектебіне жеткен интернет – ертең ел экономикасын дамытатын маманның алғашқы қадамы. Ал, бүгін жаңартылған кабинетте білім алып отырған бала ертең әлемдік технологиялық компанияларда еңбек етуі әбден мүмкін. Мектепке келген әрбір жаңа мүмкіндік – болашаққа салынған ең құнды инвестиция.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ҰБТ – 2026

Талапкердің талабы жоғары

Биылғы негізгі Ұлттық бірыңғай тестілеуге еліміз бойынша 233 мыңға жуық талапкер қатысты. Тестілеу нәтижесі бойынша қатысушылардың 76 пайызы шекті балдан өтіп, грант конкурсына қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

2026 жылғы негізгі ҰБТ электронды форматта өтті. Талапкерлерге тесті екі рет тапсырып, ең жоғары нәтижесін грант конкурсына ұсыну мүмкіндігі берілді. Соның нәтижесінде 233 мың талапкер тесті жалпы 422 мың рет тапсырған. Өткен жылы бұл көрсеткіш 210 мың талапкер мен 381 мың тестілеуді құраған.

Тестілеуге қатысушылардың 73,1 пайызы қазақ тілінде, 26,8 пайызы орыс тілінде, ал 383 талапкер ағылшын тілінде емтихан тапсырды.

Қорытынды бойынша 177 мыңға жуық талапкер шекті балл жинады. Бұл – барлық қатысушылардың 76 пайызы. Бес пән бойынша орташа нәтиже 69 балды құрады. 821 талапкер 130 балдан жоғары нәтиже көрсетіп, үздіктер қатарына енді.

ҰБТ-ға ерекше білім беру қажеттіліктері бар 800 талапкер қатысып, олар үшін арнайы жағдайлар жасалды. Бұл инклюзивті білім беру қағидаттарын жүзеге асырудағы маңызды қадамдардың бірі.

Электронды форматтың тағы бір артықшылығы – апелляция рәсімінің толық цифрландырылуы. Биыл талапкерлерден 95 мыңнан астам апелляциялық өтініш қабылданып, олардың нәтижесінде 152 бірегей тест тапсырмасына қатысты шағым қанағаттандырылды. Республикалық комиссия жұмысын аяқтап, барлық сертификат талапкерлердің жеке кабинеттеріне орналастырылды.

Тестілеу барысында академиялық адалдық талаптарын бұзудың 890 дерегі тіркелді. Оның ішінде 522 талапкер смартфон, шпарталқа және басқа да тыйым салынған заттарды алып кіруге әрекет жасағаны үшін тестілеуге жіберілмеді. Ал 361 адам емтихан кезінде ережені бұзғаны үшін аудиториядан шығарылып, олардың нәтижелері жойылды. Бұдан бөлек, бейнежазбаларды тексеру барысында тағы жеті талапкердің нәтижесі жарамсыз деп танылды. Биылғы тестілеу кезінде бөге адамның орнына емтихан тапсыру фактілері анықталған жоқ.

Ұлттық тестілеу орталығының мәліметінше, 2026 жылғы ҰБТ аяқталғанымен, бақылау жұмыстары жалғасады. 31 қазанға дейін бейнежазбаларға толық талдау жүргізіліп, тыйым салынған заттарды пайдалану немесе басқа да ереже бұзушылықтар анықталған жағдайда талапкерлердің нәтижелері заңнамаға сәйкес күшін жояды.

Ұлттық бірыңғай тестілеудің электронды форматқа көшуі талапкерлер үшін де, ұйымдастырушылар үшін де бірқатар артықшылықтар қалыптастырды. Тестті бірнеше кезеңде тапсыру мүмкіндігі мектеп түлектерінің психологиялық жүктемесін азайтып, өз білімін барынша тиімді көрсетуіне жағдай жасады. Тестілеудің цифрлық жүйесі нәтижелерді жедел жариялап, апелляция беру үдерісін барынша ашық етуге мүмкіндік берді.

Ендігі кезекте талапкерлерді мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау конкурсы күтіп тұр. Грант иегерлерінің тізімі конкурс қорытындысы шыққаннан кейін жарияланады. Ал, грантқа ие болмаған талапкерлер акылы негізде жоғары оқу орындарына түсуге немесе кейінгі ҰБТ кезеңдеріне қатысып, білімін жетілдіруге мүмкіндік алады.

2026-2027 оқу жылына жоғары білім беру бағдарламалары бойынша 75 371 мемлекеттік білім беру гранты бөлінді. Оның ішінде ауыл жастарына арналған арнайы гранттар қарастырылған. Бұл талапкерлердің жоғары білімге қолжетімділігін кеңейтіп, кадрларға сұраныс жоғары мамандықтар бойынша білім алуына мүмкіндік берді.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында қабылдау науқаны қызу жүріп жатыр. Талапкерлер білім беру бағдарламаларын, гранттар санын және мамандықтардың ерекшелігін ескере отырып, өз таңдауларын айқындауда. Мемлекеттік гранттар конкурсының қорытындысы бойынша грант иегерінің тізімі 10 тамызға дейін жарияланады.

• ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ, ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ҒАРЫШКЕРІ ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВ – 80 ЖАСТА

Алтын қанатты Алаш қыраны

Көкке қалай тік көтерілсе, абыройы да дәл солай асқақтап, адамзат баласы бағындырған биіктің ең заңғар шыңына жеткен біртуар тұлға, Халық Қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров биыл сексеннің сенгіріне сергек көтерілді. Оның есімі – ерлік пен өрліктің, табандылық пен отаншылдықтың баламасына айналған айрықша есім. Сондықтан, ұлт мақтанышының мерейтойы – бір адамның ғана емес, тұтас елдің мерейін үстем ететін тарихи белес.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Батырдың мерейтойы қарсаңында оның кіндік қаны тамған қасиетті Қарқаралы топырағында тағылымды бастамалар қолға алынып, жерлестері ардақты перзентіне айрықша ілтипат танытуда. Бұл құрметтің астарында туған жердің толағай тұлғасына деген шексіз мақтанышы, ерлік дәстүрін кейінгі ұрпақтың санасына сіңіруге деген ізгі ниеті жатыр.

Қарқаралының аспанмен асқан асқар тауларына қарап өскен қарадомалақ баланың көкке деген құштарылығы ерте оянған деседі. Бүлдіршісін кезінде ағаштан ұшақ жасап ойнаған балаң қиял уақыт өте келе өмірлік мұратқа ұласты. Сол арман оны өндірістің қарапайым жұмысшысынан әскери ұшқышқа, әскери ұшқыштан сынақшыға, сынақшыдан ғарышкерге дейінгі қиын да қатерлі жолмен алып өтті.

Тоқтар Оңғарбайұлының тағдыры – адамды биікке көтеретін жалғыз күш табиғи қабілет қана емес, тынымсыз еңбек, темірдей тәртіп және қайсар мінез екенін дәлелдейтін ғибратты ғұмыр. Ол еңбек жолын Теміртаудағы өндіріс орнында бастап, токарь станогының қасында шыңдалды. Күндіз жұмыс істеп, кешкісін білімін жетілдірген жас жігіт парашют спортымен айналысып, көкке самғау арманына біртіндеп жақындай берді. Болат балқытқан өндірісті өлкенің мектебі оның бойындағы төзімділікті, дәлдік пен жауапкершілікті қалыптастырды.



Қолжазба жасаған Артықбай Қосыбаев

Кейін әскери авиацияға жол түскенде осы қасиеттер оның басты тірегіне айналды. Тоқтар Әубәкіров темір тұлпарды шебер тізгіндеп қана қоймай, әуеде орындалатын аса күрделі операцияларды мүлтіксіз атқара алатын асқан кәсібилігімен танылды. Оның саналы ғұмырындағы ең жарқын әрі қауіпке толы кезеңдердің бірі – сынақшы-ұшқыш болған жылдары.

Сынақшы болу – дайын ұшақты басқару ғана емес. Бұл – әлі толық зерттелмеген техниканың мүмкіндігін анықтау, әрбір тетігін әуеде тексеру, күтпеген қатермен бетпе-бет келу деген сөз. Мұндай кәсіпте бір сәттік қателікке орын жоқ. Тоқтар Әубәкіров осы жауапкершіліктің үдесінен шығып, жаңа үлгідегі ондаған әскери ұшақты сынауға қатысты. Әлемдік авиация тарихында айрықша орны бар күрделі тәжірибелерді жүзеге асырып, ұшқыш шеберлігінің биік өлшемін көрсетті.

Оның есімі әскери-теңіз авиациясының тарихында да алтын әріппен жазылды. Құрлықтағы әуежайдан емес, теңіз төсіндегі алып кеменің қысқа палубасынан жойғыш ұшақты көкке көтеріп, қайта қондыру – ерекше дәлдікті, батылдықты және салқынқанды есепті талап ететін операция. Осындай сынақтардың бел ортасында жүрген қазақ ұлы кәсіби

шеберлігімен әлем мамандарын мойындатты.

Алайда, сынақшы-ұшқыштың бар арманы ғарыш кеңістігімен сабақтасып жатты. Сол арман 1991 жылғы 2 қазанда ақиқатқа айналды. Байқоңырдан көтерілген «Союз ТМ-13» ғарыш кемесінің құрамында Тоқтар Әубәкіров көк жүзін жарып, шексіз кеңістікке бет алды. Осылайша, қазақ баласының ғасырлар бойғы аспанға деген арманын аркалап, халқымыздың тұңғыш перзенті ғарыш төріне шықты.

Бұл сапардың мәні бір адамның ғарышқа ұшуымен ғана өлшенбейді. Тоқтар Әубәкіров орбиталық стансада еліміздің ғылымына қажетті тәжірибелер жүргізіп, қазақ даласын ғарыштан бақылады. Оның сапары Қазақстанның ғарыштық зерттеулерге бет бұруына, ұлттық аэроғарыш саласының қалыптасуына рухани және ғылыми негіз қалады. Ең бастысы, бодандық құрсауынан босап, тәуелсіздік табалдырығына жақындаған халықтың рухын оятып, ел еңсесін көтерді.

Ғарыштан оралғаннан кейін де батырдың ел алдындағы қызметі толастаған жоқ. Ол жинақтаған білімі мен мол тәжірибесін Қазақстанның аэроғарыш және қорғаныс салаларының қалыптасуына жұмсады. Мемлекеттік қызметте, ғылым мен

қоғамдық өмірде ел мүддесін биік қойып, азаматтық ұстанымынан айнымады. Қай істің тізгінін ұстаса да, батыл шешім қабылдап, өзіне жүктелген жауапкершілікті абыроймен атқарды.

Қарқаралының қасиетті топырағы талай тұғырлы тұлғаны, сөз бастаған шешенді, қол бастаған батырды, ел қамын жеген қайраткерді дүниеге әкелген. Сол алыптар шоғырының ішінде туған жердің атын ғарыш кеңістігіне жеткізгені – Тоқтар Әубәкіров. Оның ғұмырына көз салғанда Қарқаралы табиғатының мінезін көргендей боласыз: асқар таудай айбынды, көкке бойлаған қарағайдай тік, дауылға қарсы ұшқан қырандай қайсар.

Осындай қанатты ғұмыр иесінің 80 жылдық мерейтойы туған жерінде игі істермен өрнектелуде. Қарқаралы қаласындағы батырдың есімімен аталатын көше күрделі жөндеуден өткізіліп, халық игілігіне берілді. Көше бойына жүз түп қарағай көшеті егілді. Тамырын тереңге жіберіп, жыл өткен сайын бой түзейтін осы жас өскіндер ел мақтанышының өнегелі өмірін кейінгі буынмен жалғайтын тағылымды нышан іспетті.

Мерейтойға арналған рухани тартулар легі де жалғасуда. Жергілікті қаламгерлер Аян Кизкин мен Жанболат Баймұрынов батырдың ғибратты ғұмырына арнап «Ғасыр саңлағы» драмасын жазды. Қарқаралы сахнасында көрермен ықыласына бөленген тарихи туынды енді облыс орталығындағы өнерсүйер қауымға ұсынылмақ.

Газетіміздің алдағы сандарында қазақтың тұңғыш ғарышкерінің балалық шағы мен еңбек жолы, сынақшы-ұшқыш ретіндегі қайталанбас ерлігі, ғарыш сапарының ғылыми маңызы, елдік мұраты мен азаматтық ұстанымы жан-жақты сөз болмақ.

Өйткені, Тоқтар Әубәкіров – ғарышқа ұшқан тұңғыш қазақ қана емес. Ол – алынбайтын асу, бағынбайтын биік болмайтынын дәлелдеген қайсар рухтың иесі. Оның ерлігі – ұрпаққа өнеге, ұлтқа мақтаныш, ал есімі қазақ аспанында мәңгі жарқырап тұратын жарық жұлдыз.

Қарқаралының қыраны сексенге келді. Бірақ, қыранның биігі жаспен өлшенбейді.



ІШКІ ТУРИЗМ

қорғау – бүгінгі ұрпақтың басты міндеті екенін жеткізді. Олар Бектау атаның әрбір тасы мен табиғи байлығы ел үшін баға жетпес құндылық екенін айтып, туған жерді сақтап қалуға барша жұртшылық атсалысуы қажет екенін атап өтті. Қоғамдық бірлестіктің құрылтайшысы, заңгер Құсайын Игембаев танытатын қорғау бағытындағы жұмыстар заң талаптарына сәйкес мемлекеттік тапсырыс аясында жүйелі түрде жүргізілуі тиіс екенін айтты. Оның пікірінше, алдағы уақытта Бектау атаның тарихын терең зерттеу, ғылыми жұмыстар ұйымдастыру, археологиялық және тарихи мұраларды зерделеу маңызды. Сондай-ақ, өңірді қайтарылым денгейіде таңыту үшін арнайы таныстырылым материалдарын әзірлеу, деректі және танымдық бейнероликтер түсіру, туристік бағыттарды дамыту жөнінде ұсыныстар айтылды.


Айта кетейік, Бектау ата гранитті массиві республикалық маңызы бар геологиялық нысандардың бірі болып есептеледі. Оның ең биік нүктесі теңіз деңгейінен 1213 метр биіктікте орналасқан. Мұнда 300-ден астам өсімдік түрі өседі. Олардың қатарында Қазақстанның Қызыл кітабына енген және тек осы өңірде ғана кездесетін эндемикалық өсімдіктер бар.

Ақтоғай ауданы

Сарандағы салтанат



Саран қаласының «Достық» үйінде «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы қалалық кезеңінің қорытындысы шығарылып, осы сында жеңіске жеткен отбасыларды марапаттау салтанаты өтті.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осыған орай, қалалық орталықтандырылған кітапхана қызметкерлері мұнда «Отбасылық дәстүрлер – бақытты отбасы негізі» тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырып, салтанатты сәтте құттықтау сөз сөйлеген Саран қаласы әкімінің орынбасары Сағынбек Бейсекеев өткен жылғы «Мерейлі отбасы» қалалық байқауының жеңімпазы облыс бойынша бас жүлдеге ие болып, республикалық деңгейде де жүлделі орын алғанын айтты.

Келесі жеңімпаздарды марапаттау рәсімі кезінде осы қалалық байқауда ІІІ орыннан көрінген Сатқанқұловтар отбасына үшінші дәрежелі диплом мен 100 мың теңгенің ақшалай сертификатын Саран қаласының аппараты-түсіндіру тобының жетекшісі Галия Төртбаева тапсырды.

Ал, ІІ орын иегері Хаванцевтер отбасына екінші дәрежелі диплом мен 150 мың теңгенің ақшалай сертификатын Саран қалалық Аналар кеңесінің төрағасы Гүлжан Жүсіпбекова табыстады.

Байқау жеңімпазы Жашкеевтер отбасы бірінші дәрежелі диплом мен 200 мың теңгенің ақшалай сертификатын Саран қаласы әкімінің орынбасары Сағынбек Бейсекеевтің қолынан алды.

Бас жүлде бұйырған осы отбасының отағасы Талғат Жашкеев өз қуанышын жасыра алмай:

– Бірінші орын аламыз деп ойламаған едік. Бұл – біздің отбасымыз үшін үлкен дәреже және тер төккен дайындығымыздың арқасы, – дейді.

«Мерейлі отбасы» Ұлттық байқауының қалалық кезеңіне қатысқан 9 отбасының үшеуі осылайша жеңімпаз атанса, қалғандарының да еңбегі бағаланып, түрлі аталымдарда жүлделер болды.

Солардың бірі Манаш отбасының отағасы Әлішер өздерінің осындай байқауға алғаш қатысқанда «Жарасымды отбасы» аталымында марапатталғандарын, енді, міне, отбасындағы бірлік пен ынтымақтың арқасында тағы да сый-сияпатқа бөленгендеріне көңілі толатынын жеткізді.

«Достық» үйінде болған салтанатқа «Мерейлі отбасы» Ұлттық байқауы қалалық кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлерін қолдаған халық көп жиналып, жергілікті өнерпаздар ән мен күйден шашу шашты.

САРАН

Сурет
ұйымдастырушылардан

Бектау ата – келер ұрпаққа аманат

Ақтоғай ауданындағы Бектау ата елдімекенінде «Бектау ата шатқалы: тарихы, бүгінгі жағдайы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. «Балқашым – алтын бесігім» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен ұйымдастырылған жиында өңірдің табиғи байлығын сақтау, экологиялық ахуалын жақсарту және ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесін беру мәселелері кеңінен талқыланды.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиынға Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары Айдос Қуанышбаев, «Балқашым – алтын бесігім» қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы, заңгер Құсайын Игембаев, бірлестік төрағасы Рымқұл Машурбекова, бірлестік мүшесі Гүлчара Хузина, Балқаш қалалық тарихи-өлкетану музей-іні аға ғылыми қызметкері Дәулет Қожақов, экологтар, орман шаруашылығының мамандары, «Қазгидромет» өкілдері, кәсіпкерлер, еріктілер, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және Бектау ата елдімекенінің тұрғындары қатысты. Дөңгелек үстелді қоғамдық бірлестік төрайымы Рымқұл Машурбекова жүргізіп, қатысушыларды «Бектау ата қорығы» жобасының мақсат-міндеттерін, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстармен таныстырды. Ол өңірдегі экологиялық мәселелерге тоқталып, табиғи кешенді сақтау бағытында кешенді жұмыстар жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

– «Балқашым – алтын бесігім» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен Жаһандық Грингранттар қорының Орталық Азиядағы шағын гранттар бағдарламасы аясында «Бектау ата қорығы» жобасы жүзеге асырылуда. Жобаның негізгі мақсаты – Балқаш көлінің экожүйесімен сабақтас жатқан Бектау ата табиғи кешенін қорғау, биоалуантүрлілікті сақтау, ха-



лықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және өңірге ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесін беру мақсатындағы жұмыстарды жүйелеу, – деді «Балқашым – алтын бесігім» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Рымқұл Машурбекова.

Сонымен қоса, дөңгелек үстелде Бектау атаға ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесін беру мәселесі негізгі тақырыптардың біріне айналды. Қатысушылар қорғалатын аумақ көлемін шатқалды толық қамтитындай етіп 4 мың гектарға дейін ұлғайту қажеттігін көтерді.

Жиын барысында нақты ұсыныстар да айтылды. Атап айтқанда, ағаш отырғызу жұмыстарын жүйелі жүргізу, тазалық акцияларын тұрақты өткізу қажеттігі сөз болды. Сондай-ақ, бұлақтардың көзін ашу, су көздерін қалпына келтіру мәселелері де ерекше назарға алынды. Қатысушылар Бектау атаның табиғи қалпын сақтап қалудың басты жолдарының бірі – оны ұлттық парк немесе табиғи қорық деңгейіне жеткізу екенін сөз етті. Бектау ата ауылының тұрғындары Дәулет Ошақбаев, Қазыбек Әбеуов және Серікбол Илияұлы киелі мекенді

Тағылымды шара ұлы әншінің өмір жолын, шығармашылық мұрасын насихаттап, ұлттық өнердің құндылығын жас ұрпаққа жеткізуді мақсат етті.

Ермек Серкебаевтың есімі қазақ музыка мәдениеті тарихында ерекше орын алады. Ол – табиғи талантымен, қайталанбас дауысымен және сахнадағы биік мәдениетімен халықтың сүйіспеншілігіне бөленген өнер иесі. Ұлы әншінің шығармашылық жолы қазақ операсының қалыптасуы мен дамуының маңызды кезеңдерімен тығыз байланысты.

Сахна саңлағы өзінің саналы ғұмырын өнерге арнап, ұлттық вокалдық мектептің дамуына зор үлес қосты. Оның орындауындағы опералық партиялар мен музыкалық шығармалар тыңдарман жүрегінен берік орын алып, қазақ өнерінің әлемдік кеңістікте танылуына жол ашты.

Көрмеге келушілер Ермек Серкебаевтың өнегелі өмір жолы мен шығармашылық белестерін баяндайтын құнды материалдармен танысты. Экспозициядан орын алған кітаптар, сирек кездесетін фотосуреттер мен мұрағаттық құжаттар өнер иесінің тұлғалық болмысын, сахнадағы жетістіктерін және мәдениет саласына сіңірген еңбегін жан-жақты танытты.

Көрмеге қойылған әр жәдігер – дәуір үні, өнер тарихының бір бөлшегі. Олар арқылы көрермендер қазақ опера өнерінің

дамуына үлес қосқан ұлы тұлғаның шығармашылық әлеміне жақындай түсті. Әсіресе, жас буын өкілдері үшін бұл шара ұлттық өнердің өткені мен бүгінін сабақтастырды.

Іс-шарада Ермек Серкебаевтың өмірі мен өнер жолына арналған «Линия судьбы» атты деректі фильм көрсетілді. Фильмде әншінің кәсіби қалыптасу кезеңдері, сахнадағы жетістіктері, өнерге деген адалдығы мен қазақ мәдениетін өркендетуге қосқан үлесі кеңінен баяндалды.

Көрермендер фильм арқылы ұлы әншінің шығармашылық қырларын тереңірек танып, оның өнер жолындағы табандылығы мен ізденісіне куә болды. Ермек Серкебаевтың бойындағы еңбекқорлық, шеберлік және ұлттық өнерге деген шынайы құрмет – кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық қасиеттер.

Көрме барысында ұлы әншінің орындауындағы таңдаулы шығармалар да назарға ұсынылды. Оның әсем әуезді, қуатты дауысы мен орындаушылық мәнері көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Әншінің сахна мәдениеті мен кәсіби шеберлігі қазақ вокал өнерінің биік деңгейін көрсетіп, ұлттық өнердің қадірін арттыра түсті.

Шара қонақтары қазақ музыка өнерінің алтын қорынан орын алған тұлғаның бай мұрасымен танысып, рухани әсерге бөленді.

Өз тілішімізден

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫ

Жауапкершілікті күшейтеді

Нұра кентіндегі Болат Әбдікәрімов атындағы көпсалалы колледж негізінде аумақтық қорғаныс күштерінің арнайы техникалық оқу-жаттығу жиыны салтанатты ашылды.



Ермек БАЛТАШҰҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Шілденің ортасы ауғанша жалғасатын оқу-жаттығуға ауданнан жүзден астам әскери міндетті азамат қатысуда. Арнайы жиынның негізгі мақсаты – әскери міндеттілердің жауынгерлік даярлығын жетілдіру, жұмылдыру дайындығын нығайту және төтенше жағдайлар кезінде бірлескен іс-қимыл дағдыларын қалыптастыру.

Жиынның алғашқы күні оған қатысушылар арнайы әскери

киім-кешекпен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, оқу-жаттығудың тәртібімен, бағдарламасымен танысты. Онкүндік бойы олар саптық дайындық, тактикалық іс-қимылдар, атты даярлығы, әскери машықтарды жетілдіруге бағытталған теориялық және тәжірибелік сабақтарға қатысуды.

Оқу-жаттығу сабақтарын Қарағандыдан келген тәжірибелі әскери қызметшілер жүргізуде. Бағдарлама аясында әскери міндеттілердің кәсіби дайындығын

арттырумен қатар жұмылдыру кезеңіндегі міндеттерді орындау, төтенше жағдайлар кезінде жедел әрі үйлесімді әрекет ету дағдылары пысықталады.

Мұндай арнайы жиындар әскери міндетті азаматтардың даярлық деңгейін арттыруға, олардың Отан алдындағы жауапкершілігін күшейтуге, аумақтық қорғаныс жүйесінің тиімділігін нығайтуға бағытталған маңызды іс-шаралар қатарына жатады.

Сурет автордан

Қарағанды қаласы әкімдігінің қаулысына қосымша 2026 жылғы 24 сәуір № 28/01 қаулысына қосымша

Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

№ п/п	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орны
1	Қарағанды қаласы	К.Станиславский атындағы орыс драма театры алдындағы ақпараттық қалқан
2	Қарағанды қаласы	С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театры алдындағы ақпараттық қалқан, Бұқар жырау даңғылында
3	Қарағанды қаласы	Кеншілер мәдениет сарайы жанындағы ақпараттық қалқан, Бұқар жырау даңғылында
4	Қарағанды қаласы	ОӘД сауда орталығы жанындағы ақпараттық қалқан, Бұқар жырау даңғылында
5	Қарағанды қаласы	Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің алдындағы ақпараттық қалқан, Академиялық көш.
6	Қарағанды қаласы	«Ожрый» супермаркеті жанындағы ақпараттық қалқан, С. Сейфуллин даңғылында
7	Қарағанды қаласы	«Баня» автобус аялдамасы маңындағы ақпараттық қалқан, С. Сейфуллин даңғылында
8	Қарағанды қаласы	«ТАИР» сауда-ойын-сауық орталығы жанындағы ақпараттық қалқан, Бұқар жырау даңғылында
9	Қарағанды қаласы	«Дом оптики» көз клиникасы маңындағы ақпараттық қалқан, Бұқар жырау даңғылында
10	Қарағанды қаласы	«NortmaN» супермаркеті жанындағы ақпараттық қалқан, Гүлдер-1 ықшамауданында
11	Қарағанды қаласы	«Турист» дүкені аялдамасы жанындағы ақпараттық қалқан, Степной-3 ықшамауданында
12	Қарағанды қаласы	Достық үйі жанындағы ақпараттық қалқан, Шахтерлер даңғылында
13	Қарағанды қаласы	«ТБЦ» автобус аялдамасы маңындағы ақпараттық қалқан, Гапеев көшесінде
14	Қарағанды қаласы	«Проспект» сауда-ойын-сауық орталығы жанындағы ақпараттық қалқан, Язев көшесінде
15	Қарағанды қаласы	«Поликлиника» аялдамасындағы ақпараттық қалқан, Құрылысшылар даңғылында
16	Қарағанды қаласы	«Sary Arka Cinema» кинотеатры жанындағы ақпараттық қалқан, Құрылысшылар даңғылында
17	Қарағанды қаласы	Мануильский көшесі, 21 мекенжайындағы «Фудмарт» СУ қарама-қарсы гүлзардағы ақпараттық қалқан
18	Қарағанды қаласы	«№42 ЖББМ» автобус аялдамасы маңындағы ақпараттық қалқан, Демьян Бедный көшесінде
19	Қарағанды қаласы	23-шағынаудан, №13 үйге қарама-қарсы «Методическая» аялдамасы маңындағы ақпараттық қалқан
20	Қарағанды қаласы	Автостанциядағы ақпараттық қалқан, 21-ықшамаудан
21	Қарағанды қаласы	Байжанов атындағы гүлзарға кіреберістегі ақпараттық қалқан (Медсанчасть ауданы)
22	Қарағанды қаласы	«Магазин» аялдамасы маңындағы ақпараттық қалқан, Байкальска көшесі (Курьяновка)
23	Қарағанды қаласы	15-ықшамаудан, №25 үйге қарама-қарсы орналасқан ақпараттық қалқан
24	Қарағанды қаласы	Әлихан Бөкейхан атындағы гүлзарға кіреберістегі ақпараттық қалқан (14-ықшамаудан автостанциясы жанынан)
25	Қарағанды қаласы	№76 үй маңындағы ақпараттық қалқан, Щорс көшесі (РАГЦ-ке қарама-қарсы)
26	Қарағанды қаласы	Кинотеатр маңындағы ақпараттық қалқан, 15-ықшамаудан, 27а
27	Қарағанды қаласы	«Майкудық» сауда үйі маңындағы ақпараттық қалқан, 18-ықшамаудан, 10/1 құрылыс
28	Қарағанды қаласы	«Умай» сауда орталығының алдындағы ақпараттық қалқан, Карл Маркс көшесі
29	Қарағанды қаласы	«Әнуар» сауда үйі аялдамасы маңындағы ақпараттық қалқан, Карл Маркс көшесінде
30	Қарағанды қаласы	«Голубые Пруды» аялдамасы маңындағы ақпараттық қалқан, Карл Маркс көшесінде

ТҮЛЕКТЕР КЕЗДЕСУІ

Сағынышқа толы жүздесу

Жылдар өтсе де, жүректерде із қалған, Мектеп деген – мәңгі ыстық бір арман. Сыныптастар бүгін қайта қауышып, Еске алып, балғын шақты тамсанған.

Осынау жүрекке жылы шумактар Қазғородқа қазақ орта мектебінің 1966 жылғы түлектерінің 60 жылдық мерейтойлық кездесуінің мәні мен маңызын айқынданатын тұрғандай. Арада 60 жыл өтсе де, уақыт пен қашықтыққа қарамай бас қосқан түлектер туған мектептің табалдырығын тағы бір мәрте атап, балдәурен балалық шаққа ойша сапар шекті.

Көптен күткен кездесу ерекше жылы әрі тағылымды жағдайда өтті. Сыныптастар мектептегі қызықты сәттерді еске алып, өмір жолындағы жетістіктерімен бөлісті. Әрқайсысы өзін үлкен өмірге қанаттандырған туған мектебіне және ұстаздарына шынайы алғысын білдірді.

Мектеп жылдары – достықтың, ұстаз тәлімінің, өмірлік маңызды сабақтардың бастауы. Дәл осы білім ордасында олардың бойына білімге құштарлық, еңбекқорлық, жауапкершілік пен адамгершілік қасиеттері дарыды.

Соның нәтижесінде түлектердің әрқайсысы өмірден орнын тауып, түрлі мамандық иесі атанып, отбасын құрып, ел мен туған өлкенің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосты.

Кездесуге қатысушылардың айтуынша, мұның бәрі ең алдымен ұстаздардың ерен еңбегінің жемісі. Алғашқы ұстаздары Сәну Қошмағамбетова бірінші сыныпта партаға отырғызып, әліппенің бетін ашып, қолдарына қалам ұстатса, 11 сыныпқа дейін сынып жетекшісі болған Кәрімтай Сәлімжанов шәкірттеріне бағыт-бағдар беріп, өмірлік жолын айқындауға зор үлес қосты. Ұстаздардың даналығы, қамқорлығы мен өз ісіне деген адалдығы көптеген түлектің елге қызмет ететін азамат болып қалыптасуына негіз болды.

Кездесу барысында соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезеңде еңбек еткен, бүгінде өмірден өткен ұстаздарға ерекше құрмет көрсетілді. Солардың қатарында Ұлы Отан соғысының ардагері, «Даңк» орденінің үш мәрте иегері, ардақты ұстаз Мұташ Сүлейменов есімі зор ілтипатпен аталды.

Сонымен бірге, Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкерлері болған ұстаздар Баймағамбет



Мамраев, Мылтықбай Аскеев, Шорман Қалиев, Болат Әбдірахманов, Имантай Жұмаділдінов, Укіжан Хасенов, Асығат Шалқарбаев, Зубайра Жолдасбекова, Жамия Естекбаева сынды ардагер педагогтердің еңбегі де зор ризашылықпен еске алынды.

Соғыстың ауыртпалығын бастан өткерген бұл ұстаздар бейбіт өмірде де бар күш-жігерін жас ұрпаққа білім мен тәрбие

Дронның игілігін көріп отыр

Цифрлық технология шалғайдағы ауыл тіршілігіне де дендеп еніп келеді. Кеше ғана малдың ізін жерден шалған шаруа бүгінде кең жайылымды көктен бақылайды. Ақтоғай ауданының Қызыларай ауылында тұратын фермер Сұлтан Сәбит үшін дрон – күнделікті жұмысты жеңілдететін сенімді құрал ғана емес, туған өлкенің көркін көпшілікке танытатын да жаңа медианың мүмкіндігі болып тұр.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»


Заман өзгерген сайын ауыл еңбегінің де сипаты жаңарып келеді. Бұрын мал соңында атпен немесе жаяу жүріп ұлан-ғайыр жайылымды күнұзақ аралау қалыпты жағдай саналса, қазір оның бір бөлігін шағын ғана ұшқышсыз аппарат атқара алады. Биіктен көз салған дрон малдың қайда жүргенін, жайылымның жағдайын, алқаптағы өзгерістерді қысқа уақытта анық көрсетеді.

Осындай заманауи мүмкіндікті шаруашылығында тиімді пайдаланып жүрген азаматтың бірі – Қызыларай ауылының тұрғыны Сұлтан Сәбит. Отбасылық фермерлік шаруашылықты жүргізетін ол алғашында дронды қызығушылықпен сатып алған. Алайда, уақыт өте келе құрылғының ауыл адамы үшін жай ғана әуесқой техника емес, нақты пайдасы бар жұмыс құралы екеніне көз жеткізген.

– Оның мал бағуға осыншалықты көмектесетінін өзім де ойлаған жоқпын. Бұрын біреу «отырып-ақ табындыны қадағалайсың» десе, сене қоймас едім. Қазір кең даланы түгел аралап, малдың соңынан күнұзақ жүрудің қажеті азайды. Дронды көтеріп, табынның қай маңда жүргенін, бағытының қалай өзгергенін қашықтан-ақ көріп отырамын. Бұл уақытты ғана емес, күш-қуатты да үнемдейді. Соның арқасында шаруашылықтағы өзге жұмыстарға көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік тулы, – дейді фермер.

Сұлтанның жаңашылдығы ауылдастарының да назарын аударған. Алғашында көкке көтерілген шағын құрылғыға таңырқай қараған жұрт кейін оның күнделікті тірлікке тигізер пайдасын түсіне бастаған.

Электрондық пошта:



Суреттер облыс әкімінің сайынан

– Менің дронды қалай пайдаланып жүргенімді көрген ауылдастарым да қызығушылық танытты. Әуелде оны тек сурет пен бейне түсіретін құрылғы деп қабылдағандар болды. Кейін малды қадағалауға, алыс аумақты тексеруге қаншалықты қолайлы екенін байқады. Қазір ауылдағы кейбір азаматтар өздеріне дрон сатып алып, шаруашылықтарына пайдаланып жүр. Жаңа технологияның игілігін бір адам ғана емес, тұтас ауыл көре бастағаны қуантады, – деді Сұлтан Сәбит.

Бұл – ауылдағы қым-қуыт тірлікті цифрландырудың қарапайым әрі нақты көрінісі. Цифрлық технология дегенде көбіне күрделі бағдарламалар мен ірі өндіріс орындары ойға оралады. Алайда оның шынайы пайдасы күнделікті тірлікті жеңілдетіп, қарапайым адамның уақытын үнемдеген кезде айқын сезіледі. Қызыларайлық фермердің тәжірибесі де технологияны дұрыс қолдана білген жағдайда оның ауыл еңбегіне оң өзгеріс әкелетінін көрсетеді.

Сұлтан Сәбит дронды тек шаруашылық қажетіне пайдаланумен шектелмейді. Қолы қалт еткен сәтте Қызыларайдың табиғатын әуеден түсіреді. Асқақ тау сілемдері, кең жазиралы дала, айналдай жарқыраған көлдер мен ауыл маңындағы көркем көріністер оның объективінен өзгеше сипатта көрінеді.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің ұжымы биология ғылымдарының кандидаты, доцент, университеттің ардагер ұстазы **Қанияш Исағалиқызы ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ** дүниеден озуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

к

алып, рухтарына тағзым етті.

Олар – Қуат Албатыров, Қайрат Қаппаров, Серік Сакшипов, Құдайберген Жұмабеков, Берлібай Ұлжанов, Жақан Жұмабаев, Шалабай Кәрібаев, Зекітай Құрманбеков, Керімбай Шалғымбаев, Еркін Мұқашов, Тұрсын Созақбаев, Құрақбай Әмірбеков, Шеке Садуақасов, Дәулет Құтжанов, Ералы Әбдікешов, Әсия Сейтмағамбетова, Зейнеп Мұқатаева, Зейнеп Әубәкірова, Рымкеш Ошақбаева.

Тағылымды кездесу шынайы достықтың, ұстазға деген құрметтің, туған мектепке деген сүйіспеншіліктің уақытқа бағынбайтын асыл құндылық екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Осындай кездесулер ұрпақ сабақтастығын жалғап, өткенге тағзым жасаудың жарқын үлгісі болып қала береді.

Кездесу соңында түлектер бір-біріне зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық амандық, бақ-береке тілеп, келесі мерейтойлық кездесуде тағы да жүздесуге уағдаласты.

Төлеген ОРАЗБЕКОВ, Қазақстан Республикасының Құрметті құрылысшысы, еңбек ардагері

Сурет автордан

• ТУРНИР

Кіші теннистің үлкен додасы

Қарағандыға Ресейден, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан және Қазақстанның түпкір-түпкірінен 250-ден астам жас теннисші келді. Олар үстел теннисінен басталған SARYARQA-2026 I республикалық ашық турниріне қатысып жатыр. Бес күнге жалғасатын жарыста олар үш жас санаты бойынша сынға түсіп, медальдар мен жүлде қоры үшін бақ сынайды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Турнирдің ашылу салтанатына Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысып, жас спортшыларға сәттілік тіледі. Аймақ басшысы мұндай жарыстардың жасөспірімдердің кәсіби шеберлігін арттырып, үлкен спортқа жол ашудағы маңызына тоқталды.

– Бүгінде үстел теннисі қарқынды дамып келе жатқан спорт түрлерінің бірі. Ол адамды тәртіпке, мақсатқа ұмтылуға және жеңіске деген жігерге тәрбиелейді. SARYARQA-2026 турнирі қатысушылардың шеберлігін шыңдауға, өзара тәжірибе алмасуына мүмкіндік беріп, көптеген жас спортшы үшін үлкен спортқа бастар маңызды қадам болады деп сенемін, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Турнирдің бас төрешісі әрі Қарағанды облысының үстел теннисі



бойынша аға жаттықтырушысы Эльмира Әлиеваның айтуынша, жарыстың басты мақсаты – үздіктерді анықтау ғана емес, осы спорт түрінің дамуына тың серпін беру.

– Турнирдің негізгі міндеті – үстел теннисін кеңінен насихаттап, жас спортшылардың дайындық деңгейін арттыру. Быыл қатысушылардың құрамы өте мықты. Әсіресе ересек жас санатында бәсеке жоғары. SARYARQA

турнирі жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп, үстел теннисінің тек өңірімізде ғана емес, елімізден тыс жерлерде де дамуына өз үлесін қосады деп сенеміз, – деді Эльмира Әлиева.

Жарысқа қатысушылар арасында халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстан ұлттық құрамасының мүшесі Алан Құрманғалиев те бар. Қарағандылық спортшы бұл турнирдегі әр кез-

десудің жауапкершілігі жоғары екенін айтады.

– Бұл турнирде әлсіз қарсылас жоқ. Өз жас санатымда бәсеке өте жоғары. Әрине, негізгі мақсатым – жеңіске жету. Турнир аяқталған соң бірден Ташкентке халықаралық рейтингтік жарысқа аттанамын. Бұл – жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатына дайындықтың маңызды кезеңі. Сондықтан, қазір бар күш-жігерім мен ойым алдағы жарыстарға бағытталған, – деді Алан Құрманғалиев.

Аланның өзі – Қарағанды үстел теннисі мектебінің жоғары деңгейін дәлелдеп жүрген дарын-

ды спортшылардың бірі. Оның республикалық және халықаралық ареналардағы жетістігі кейінгі буынға жігер беріп, жасөспірімдердің кәсіби спортқа қызығушылығын арттырып келеді.

Бүгінде Қарағанды облысында үстел теннисімен 13 мыңнан астам адам тұрақты түрде айналысады. Оның төрт мыңға жуығы – ауыл тұрғындары. Бұл көрсеткіш аталған спорт түрінің облыс орталығында ғана емес, аудандар мен ауылдық елдімекендерде де кеңінен таралып келе жатқанын аңғартады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



• ШАХМАТ

Азияны мойындатқан Альбина

Қарағандылық Альбина Қайырбекова он екі жасында құрлықты мойындатты. Ол шахматтан Орталық және Солтүстік Азия жасөспірімдер чемпионатында алтын медаль жеңіп алды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Чемпионат Қырғызстанның Ыстықкөл жағасында өтті. Құрлықтық додаға Қырғызстан, Қазақстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан және Ресейден шахматшылар қатысты. Қатысушылардың жалпы саны 749-ға жетті. Барлығы да – өз елінде «жүзден жүйірік, мыңнан тұлпар» шыққандар.

Қатысушылар классикалық шахмат, рапид және блиц түрлері бойынша бақтары мен баптарын сынады. Альбина Қайырбекова 14 жасқа дейінгі қыздар (G14 санаты) арасында блицтен үздік нәтиже көрсетіп, Орталық және Солтүстік Азия чемпионы атанды.

Ал, қазақстандық шахматшылар халықаралық турнирде табысты өнер көрсетіп, жалпы саны 33 медаль қанжығалады. Оның 13-і – алтын.

Қазақстан шахмат федерациясының мәліметінше, чемпионат қорытындылары еліміздің үздік жас шахматшыларын қолдау бағдарламасы аясында есепке алынады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Ойыншылар денсаулығы ортақ жүйеде

«Шахтер» футбол клубы ойыншыларының денсаулығы цифрлық форматта бақыланады. Бұл жүйе қан құрамын тексереді, тамақтану рационын бақылайды. Сонымен қатар, жеке медициналық картаны да қамтиды. Бұл ойыншылардың физикалық дайындығына оң әсерін беретінін айтады мамандар.

Жекешелендіруден кейінгі клуб басшылығы алғашқы кеңейтілген жиынын өткізді. Жиынға Қарағанды облыстық Қоғамдық кеңесінің мүшелері және Ардагерлер кеңесінің өкілдері қатысты. Жиында клуб басшылығы атқарылған жұмыс нәтижелері мен алдағы жоспарлар туралы баяндады.

Клубта заманауи технологияларды қолдануға басымдық беріліп отырғаны айтылды. Жаттықтырушылар құрамынан бөлек, дене даярлығы, талдау, медициналық сүйемелдеу, психология және қақпашыларды даярлау бағыттары бойынша жеке департаменттер құрылғаны мәлімделді. Сала мамандарының айтуынша, ойыншылардың барлық жаттығулары мен көрсеткіштері



бірінғай цифрлық жүйеге жинақталған.

– Егер футболшының көрсеткіштері қызыл аймаққа өтсе, бұл оның шамадан тыс жүктеме алғанын немесе денсаулығында ақау барын білдіреді. Мұндай жағдайда дәрігерлер бірден жүктемені түзетеді. Әр ойыншының жеке медициналық картасы бар. Қанға тұрақты түрде кеңейтілген тал-

дау жүргізіледі. Қажет болған жағдайда дәрумендер мен тамақтану рационы жеке іріктеледі, – деді «Шахтер» академиясының директоры Сергей Якушин.

Сергей Якушиннің мәлімдеуінше, басты міндет – кәсіби команда мен академияның бірінғай стратегия бойынша жұмыс істеуін қамтамасыз ету, ал, академия түлектері

кезең-кезеңімен негізгі құрамды толықтыратын толыққанды футбол экожүйесін қалыптастыру.

Қарағанды облыстық Қоғамдық кеңесінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі комиссиясының төрағасы Жәнібек Садықанов ашық диалог жанкүйерлерге клубтың даму бағытын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

– Бұл кездесу қоғамдық кеңес мүшелерінің бастамасымен ұйымдастырылды. Ашықтық әрдайым сенім мен құрмет тудырады. Клуб басшылығы команданың дәстүрлері сақталатынын, сондай-ақ, балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту басым бағыттардың бірі болып қала беретінін растағаны маңызды, – деді Жәнібек Садықанов.

«Шахтердің» бүгінгі күндегі басты мақсаты – команданы Премьер-лигаға қайтару. Бірінші лиганың жуырдағы матчында «Тұранды» 1:0 есебімен жеңіп, турнир кестесіндегі екінші орнын сақтап қалды. Клуб алға қойған мақсатына бір табан жақындады.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• СУ СПОРТЫ

Он сегіз медаль олжалады

Қарағандылық спортшылар ашық суда жүзуден Қазақстан чемпионатында жоғары нәтиже көрсетіп, 18 медаль жеңіп алды. Сондай-ақ, ел біріншілігінің қорытындысы бойынша екі жерлесіміз жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатына жолдама алды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қонаев қаласында өткен чемпионатқа еліміздің 12 өңірінен 168 спортшы қатысты. Қарағанды облысының намысын олимпиадалық резервтегі мамандандырылған спорт мектебінің 15 тәрбиеленушісі және Әлия Молдағұлова атындағы мектеп-интернат колледжінің спортшысы қорғады.

– Ересектер арасында жүлдеге іліге алмадық. Дегенмен, Ярослав Губарев пен Тимофей Лебедев Аргентинада өтетін жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатына жолдама алды. Кез келген спорт түрімен айналысу оңай емес. Біздің негізгі жаттығулар жыл



бойы бассейнде өтеді. Өйткені, ашық суда үздіксіз жаттығуға мүмкіндік жоқ. Енді дайындықтың жекелеген кезеңдерін міндетті түрде ашық суда өткіземіз, – деді ашық суда жүзуден Қарағанды облысының аға жаттықтырушысы Евгений Аленушка.

Қарағандылықтар сегіз алтын, бес күміс және бес қола медаль жеңіп алды. Ярослав Губарев пен Тимофей Лебедевтің айтуынша, бұл нәтиже – ұзақ дайындық пен тынымсыз еңбектің жемісі.

– Жарыс маған қатты ұнады. Бағдарламада 10, 5 және 3 шақырымдық қашықтықтар, 500 метрлік жарыс пен теніз милі болды. Балалар арасында да 3 шақырымдық қашықтық ұйымдастырылды. Мен теңіз милі мен 500 метр қашықтықтарында жүлделі орынға ие болдым. Ең бастысы – алдына мақсат қойып, соған ұмтылу, – деді Тимофей Лебедев.

Спортшылар Аргентинада өтетін жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатына дайындықты бастап кетті.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан